

**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы**



**АЛМАТЫ  
ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ**

Әлеуметтік пәндер кафедрасы

## **САЯСАТТАНУ**

Дәрістер жинағы  
(барлық мамандықтарға арналған)

Алматы 2016

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Әбдіқалық А.Ә., Бисенова А.З. Саясаттану. Дәрістер жинағы (барлық мамандықтарға арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2016. – 47 б.

Ұсынылып отырған дәрістер топтамасында бакалавриат бағдарламасы бойынша саясаттану пәнінен барлық мамандықтардың күндізгі оқу бөліміне екі кредиттік көлемдегі дәрістер мәтіні мен әдебиеттер тізімі берілген.

Пікір беруші: аға оқытушы Курпенев Б.К.

«Алматы энергетика және байланыс университетінің» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2016 ж. баспа жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2016ж.

## Кіріспе

Кеңестік дәуірдің ыдырауымен XX ғасырдың соңында еліміздің саяси кеңістігінде біршама өзгерістер болды. Ондаған жылдар бойына қоғамдағы таптық бағдарға сүйенген саяси санамыз енді тәуелсіз, дербес дамуға бет алды. Бұл заңдылық. Бүгінгі Қазақстандағы саясаттанулық үрдіс өзінің әдіснамалық-методологиялық және дүниетанымдық қызметтері барысында гуманистік бағдарлар, адамгершілік принциптері, әлеуметтік әділеттілік сияқты мәселелерді маңызды деп санап, оны кеңейту шараларымен айналысып жатыр.

Тәуелсіз мемлекетіміздің әлеуметтік-саяси өмірінің барлық саласы өзгеріске ұшырап, жаһандану жағдайында әлемдік өркениет үлгісіне бейімделіп, қайта құру бағытында белсенділік көрсетіп отыр. Сондықтан қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мән-мағынасын жете меңгеруімізде, ондағы адам құқықтары мен бостандықтарын қажетті деңгейде ұғынуымызда саясаттану пәнінің рөлі зор.

Саясаттану – міндетті пәндер қатарына қосылған қоғамдық-гуманитарлық білімнің маңызды пәні болып саналады. Саясаттану – бұл саясат туралы ілім, ол жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты анықтайды. Саясаттанудың мазмұны өкімет проблемалары, мемлекет және мемлекетаралық қатынастарды қамтиды.

Саяси ғылым XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, XX ғасырдың ортасына қарай тұрақтандырылған, бірақ саясаттың теориясы көне заманнан бастап өркениет дамуының тарихы барысында дамыды.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің бағдарламасының негізгі нысанының – адамның саяси құқықтары мен мәдениетін көтеруге бағытталып отырған сәтінде әлеуметтік, шығармашылық, бостандық, сонымен бірге адамды өзгеше жаратылыс ретінде сипаттайтын белгілерін анықтауда, дербес ойы бар күрделі саяси мәселелерді шешуде саясаттанудың рөлі зор.

## 1 Дәріс №1. Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде

1.1 Саясаттану пәні және оның құрылымы.

1.2 Саясаттану әдістері мен әдістемелері туралы.

Дәріс мақсаты: студенттерге саясаттанудың ғылым ретінде, дәріс ретінде, заманауи қоғам туралы жүйелі зерттеу ретіндегі ерекшелігі мен маңызы жайында мәліметтер беру; саясаттану пәнінің қалыптасуы, мақсаты мен құрылымын айқындау.

Мазмұны: дәрісте «саясат» категориясы қарастырылады, саяси ойлаудың дамуы барысындағы өзгерісі айқындалады; саясаттанудың өкімет туралы көзқарасы сипатталады; адамның саяси өмірдегі рөлі пайымдалады; әлеуметтану, философия, экономикалық теория, құқық сияқты қоғамдық ғылымдардан ерекшелігі қарастырылады; қазіргі саяси білім құрылымы туралы, саясаттану зерттеулеріндегі әдістер мен әдістемелер туралы ой қорытылады.

1.1 Саясаттану сөзі екі сөзден құралған: саясат + логос, саясат туралы ілім дегенді білдіреді. Оның 20 ғасырлық тарихы бар; Платон академиясында саясат проблемалары зерттелген және Платонның шәкірті Аристотельден «саясат» атты көне грек қала мемлекеттерінің саяси жүйелерін зерттеуге арналған күрделі еңбегі қалды. Ал саясаттану тарихына келсек бұл еңбек оқу пәні ретінде 100 жылдай бұрын, XIX ғасырда әртүрлі елдердің жоғары оқу орындарында оқытыла басталды.

Саясат мағынасында трактовкалардың бірнеше негізгі ұстанымдары бар. Біріншіден Аристотельдің түсіндіруінше, саясатқа қоғамдағы проблемалардың барлығы жатады. Аристотельше саясат бұл – «мемлекетті басқару өнері». Дегенмен ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргідей терең түсіндіріп ашып бере алмады. Ол келесі ойларды негіздейді: адам табиғаты бойынша қоғамдық және саяси тіршілік иесі; адам қарым-қатынасының ең жоғарғы формасы – жалпы игілікке жету; барлық қоғам мүшелерінің жақсы өмір сүру мақсатын қойған мемлекет үлкен жетістікке жетеді; саясат – «ілім мен мәдениеттің ең маңыздысы», себебі ол алдына «мемлекеттік құрылымның ең үздік түрін» зерттеп және табуды мақсат етеді; Аристотельде саясат моральмен тығыз байланысты.

Саясатты моральдан бөліп қарау және жеке пән ретінде (саясатты) зерттеу Н. Макиавелли (XVI ғасыр) есімімен байланысты. Макиавелли бойынша, саясат – бұл «өкімет басына келу, билікті ұстап тұру және тиімді пайдалану» үшін қажетті құралдар жиынтығы. Яғни, саясаткердің негізгі проблемасы ол – мемлекетті басқару және басқару үшін күресу жолдарын айқындау. Ол саясатты теологиялық (құдайшылдық) түсіндіруден арылтып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдеді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында капиталистік өндіріс әдісінің қарқынды дамуы, буржуазиялық қоғамның тап қайшылықтарының шиеленесуі,

пролетариаттың тез өсуі және оның тарихи күрес майданына шығуы марксизм теориясын тудырды. Марксизм теориясы философия мен саяси экономика саласында екі жаңалық жасады. Біріншісі – тарихты материалистік тұрғыда түсіну, екіншісі – капиталистік қанаудың сырын әшкерелеген қосымша құн туралы ілім болды. Марксистік-ленинистік көзқарас бойынша саясат саяси топтық көзқарастың бейнесі ретінде көрінеді. Ал, мемлекеттік саясат белгілі бір топтың үстемдігін қолдайтын құрал ретінде қарастырылады. Саясат пен саяси қарым-қатынастарды түсіндіруде, әсіресе саяси құбылыстардың таптық сипатын ашу мәселесінде айқын із қалдырды. Маркс пен Энгельс капитализмнің орнына социализм келеді, ол міндетті орындайтын қоғамдық күш – жұмысшы табы деп үйретті. Себебі, пролетариат – буржуазиялық қоғамның ең революцияшыл, ең ұйымдасқан саналы қабаты деп санаған. Маркс пен Энгельстің ізбасары Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын негіздеді. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік түрі ретінде Кеңестерді ашты, социализм орнатуда пролетарлық мемлекеттің рөлін айқындап, өтпелі дәуірдегі тап күресінің ерекшелігін көрсетті.

Қазақ халқының саяси ұғымдарға бай рухани мұрасы да әлемдік саяси ой-пікірдің құрамдас бөлігі екені сөзсіз. Қазақтың бірінші фәлсафашысы, саясаттанушысы деп біз – Әбу Наср әл-Фарабиді (870-950) айтамыз. Екінші Ұстаз туындылары Шығыс елдерінде кеңінен таралды, арабтық Испанияның арқасында Еуропада да мәшһүр болып иврит және латын тілдеріне аударылған. Кейбір деректердің айтуынша ойшыл еңбектерінің саны 160-тан асады. Өзіміздің қазақ топырағында дүниеге келіп, мұсылман араб қоғамында кәсіби тұрғыда жетілген Әбу Наср әл-Фараби бүгінгі уақытта барынша өзектілікке ие болып отырған саясаттанудың түп-тамырын қалады. Ұлы ойшыл «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» туралы еңбегінде мемлекетті адамдардың өз қажетін бірлесіп қоғамдық жолмен жақсылап қанағаттандыру үшін жасаған ұйым деп білді. Оның пайда болуына тіршілік үшін күрес айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан адамдардың ұжымда өмір сүріп, бақытқа қол жеткізудің тұжырымдамасын белгіледі. Қайырлы және қайырсыз басқарудың ара жігін айқындады. Ол бірінші болып адам проблемасын көтерді. Бақытқа қол жеткізудегі білімнің көмегін насихаттады. Кемеңгер ойшыл шығыс қоғамындағы гуманизмді дәріптеген нағыз саясаткер ретінде танылды. Оның ілімін Орта Азия топырағында танымал болған басқа да ойшылдар ары қарай жалғастырды.

Түркі топырағының асыл перзенті Жүсіп Хас Қажы Баласағұн (1021 - 1075 жж.) аты әлемге әйгілі қоғам қайраткері, ол Баласағұн қаласында туып, әйгілі түрік қағанаты құлаған соң құрылған Қарахан империясының мәдени орталығының бірі болған Қашқарда тұрған. «Құтты білік» атты атақты еңбегі нағыз саяси туынды. Поэма 85 тараудан тұрады. Өзінің мәшһүр еңбегін ойшыл Қараханид әулетінен шыққан Табғаш Боғра-хақан – Абу Хасанға арнап жазып, осы еңбегі үшін хасс-қажыб (сарай министрі) дәрежесін алған. Жүсіп дәуірінде

қарахандықтардың жеке өлке билеушілері өзара билікке таласып бастары қосылмады. Сондықтан туындыда мемлекетті орталықтандыру, оның бірлігі, мемлекетті басқару мәселелеріне басым көңіл бөлінген. Ол – тек саяси трактат қана емес, онда өмірдің мән-мағынасына, адамның тағдыры, оның қоғамдағы орны мен рөлі, халықтың мінез-құлқы, салт-санасы, әдет-ғұрпы және т.с.с көзқарастар жинақталған. Ол шындыққа, бақытқа жетудің жолын іздеді. Әділет, ақыл, қанағатты насихаттады. Әділ заң мен еркіндікті көкседі.

Қазақ халқының ірі ойшылдарының біріне Қожа Ахмет Йассауи (1093 - 1157 жж.) жатады. Ол «Диуани хахметте» әділдікті, имандылықты, шыншылдықты, мейірімділікті дәріптейді. Адал билеушіні нақтылайды. Парақор әкімдерді әшкерелейді. Бұл ойшылдың ілімі бүгінгі таңдағы қоғамды қобалжытып отырған мәселелермен тәркіндес деуге болады.

Қазақ халқының саяси тарихында өшпес із қалдырған танымал хандар да бар. Оларға Қасым, Есім хандар жатады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп халық олар жасаған заң тәртіптерін көпке дейін ұмытпаған, алайда олар бізге дейін жетпеді. Ал, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» негізінен сақталған. Бұл заңда құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымның негізгі принциптері айқындалады. Тәуке хан «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақтандырып, маңызын арттырған. Сайып келгенде қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер енгізген нағыз реформатор болған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда саясат түсінігіне байланысты жаңа көзқарастар пайда болды. Осыған байланысты, саясат – басқару туралы ғылым және барлық адамдар қауымдастықтары мен топтарындағы бедел мен басқаруды нығайтты. Саясаттың осындай түсінік ретінде бастамасы неміс социологі Макс Вебердің (1864-1920 жж) алдыңғы қатарлы шығармаларында бастау алды. Ол «Саясат – атақ пен мамандық» деген еңбегінде: «саясат ол мемлекеттер арасында немесе мемлекет ішінде, не жеке адамдар арасында басқаруға ұмтылу немесе басқаруды бөлісуге әсер ету деп жазған (М.Вебер Таңд. Шығарм. – М., 1990, 644, 646 бб). Ол өзінің зерттеу қызметінің принципі ретінде плюрализм идеясын негіздеді. Оның іздеген басты мәселелері – қоғамның шаруашылық өмірінің, әртүрлі әлеуметтік топтардың материалдық және идеологиялық мүдделері мен діни сананың араларында қандай байланыстар бар, соларды ашуға тырысты. Ол әлеуметтік құрылым мен таптық жанжалдарға ерекше мән берген. Осы тұста оның Маркстің көзқарастарына қарсы шығатын тұстары жиі болған. Нақтылайтын болсақ оның ойынша болашақ қоғам жұмысшы табының диктатурасы емес, шенеуніктердің диктатурасына негізделеді деген.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында саяси идеология ретінде ағартушылық кең өріс алды. Бұл бағыттың белді өкілі деп біз Абылай ханның шөбересі Шоқан Уәлихановты (1835-1865 жж.) айта аламыз. Шоқан Азия мен Қазақстан жағдайында халықты аяусыз қанап, соның нәтижесінде билеп-төстеушілердің орынсыз баюына жол ашатын нәрсе – олардың қолындағы шексіз

билік деп ұқты. Сондықтан халықты қанаудан құтқару үшін бай-манаптардың билігін жою немесе тым болмаса олардың саяси үстемдігін шеттеп, бұқара халықтың демократиялық құқығы мен бостандығын кеңейтпек болды. Жалпы, ол билікті халықтың еркімен шектеуді дұрыс деп санады. Ойшыл адамгершілгі мол адамның еркіндігін насихаттаған. Ал адамилыққа қол жеткізудің негізгі нысаны білімде деген ой тастаған. Бұл уақытта Шоқанның замандасы Ыбырай Алтынсарин де (1841 – 1889 жж.) қоғамда белсенділік көрсетіп, халықты дүниеге «дұрыс көзқараспен» қарауға тәрбиелеуді өзінің мақсаты етіп қойды. «Қазақ даласындағы жұт жөнінде» деген еңбегінде халықтың болашағы отырықшылыққа көшу және егін шаруашылығымен айналысуда деген пікір білдірген. Білім мен жеке бас мәдениетін көтеруге үндеді. Қазақ қыздарын оқытуға ерекше көңіл бөлді. Көптеген мектептер ашты. Білімнің мансабы мен мәніне терең үңілу қазақ топырағының кемеңгер хәкімі Абай Құнабаевтан да (1845 - 1904 жж.) жақсы байқалады. Абай патша өкіметінің сойылын соғып, байлардың мүддесін қорғайтын қарапайым халықты езуші старшина, би, болыс және т.б. атқамінерлер сияқты әлеуметтік топтың қоғам дамуына кедергі келтіріп отырғандығын жақсы түсіне білді. Сондықтан ол ел басқару жүйесінде жаңа заң, ережелер енгізуді армандап, сол жолда жүзден аса бабы бар ереже жазған (М.Әуезов. Шығармалар. Алматы, 1969, 12-том, 295-б).

Қазақ халқының саяси санасының дамуына ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында пайда болған алғашқы зиялылар тобы да зор ықпал етті. Оларға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар және басқалар жатады. Олар Ресейдің отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын басқарып, қазақ халқының ұлттық бірлесуін мұрат етті. Олар қазақ елінің өзін-өзі басқару, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, адам құқықтары мен бостандықтарын сыйлау, демократиялық принциптерді қазақ жеріне кіргізуді мақсат етті. Алаштың білімді дебилікті асыл азаматтары қызыл империяның құрбаны болып кетті. Бірақ олардың саяси мұраты өз өміршеңдігін ешқашан жоймақ емес.

Осындай саясаткерлердің сан түрлі дәлелдеулеріне сүйене отырып, айтатынымыз, саясаттанудың зерттейтін нысаны – саясат, қоғамның саяси өмірі, бүтіндей алғанда, қоғамды қоршаған саяси шындық. Саясаттану пәні дегеніміз бұл – саясаттың ортаңғы звеносы болып саналатын өкіметтің қалыптасуы, қызметі мен дамуы, объективті және субъективті факторларының заңдары және әсер етуші механизмдер мен осы заңдардың орындалу заңдылықтары туралы ғылым. Сондықтан, саясаттану – қоғамдағы саясат пен саяси қарым қатынас, саяси өкіметтің дамуы мен қалыптасу заңдылықтары және адамның қоғамдық өмірдегі орны туралы ғылым.

Қарастыратын мәселесіне байланысты саясаттануды келесі бөлімдерге бөлуге болады:

а) саяси теория – саяси процестерді, яғни саяси институттар мен қоғамдық-саяси күштердің жұмыс жасауын зерттейді. Алға қойған мақсаты саяси процесс дамуының ағымдары мен заңдылықтарын анықтау және түсіну болып табылады;

б) саяси философия – саяси процестердің идеялық мазмұнын зерттейді;

в) саяси социология – саяси ақуалдың әлеуметтік жағдайымен байланысын, біржағынан саяси процестердің әлеуметтік мазмұны мен саяси қызметтің әлеуметке әсерін анықтайды;

г) саяси психология – жеке адам мен бұқараның санасы деңгейінде саяси қызметтің психологиялық факторларын қарастырады.

Айтылған бөлімдер саясаттануды кең мәнінде қарастырады. Ал, тар мәнде саяси ғылым деп саясат теориясының өзі айтылады. Саясаттануды зерттейтін ғалымдардың көпшілігі бұл ғылымды саясат туралы жалпы, оның барлық көріністерін қатып, тәртіпке келтіретін, жинақтап біріктіретін ғылым деп санайды. Бұл пікірді Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) басшылығымен 1948 жылы Парижде өткен саясаттанушылардың Халықаралық коллоквиумы да мақұлдады. Оған қатынасқан дүние жүзі ғалымдары саясаттану пәні мына бөлімдерден тұрады деп белгіледі:

1) Саяси теориялар (олардың пайда болуы, дамуы мен қызметі).

2) Саяси институттар (конституциялар, аймақтық және жергілікті басқару, көпшілік әкімшілігі, саяси институттарды салыстырып зерттеу).

3) Партиялар мен қоғамдық ұйымдар.

4) Қоғамдық пікір.

5) Халықаралық саясат (халықаралық ұйымдар мен халықаралық құқық).

Саясаттану пәні қоғамның саяси саласын, оның даму заңдылықтарын, қазіргі саяси өмірді ұйымдастыруды, басқаруды, оның құрылысы мен жұмыс істеуін зерттейді. Ол адамзаттың демократиялық қоғамдағы құқығы, еркіндігі мен міндеттері, жеке адамның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатынасу тәсілдері, саяси өзгерістің түрлері, саяси мәдениетті қалыптастырудың мазмұны мен жолдары, қазіргі замандағы сан түрлі саяси идеялық көзқарастар, жаңаша саяси ойлаудың мәні, қазіргі дүниежүзілік дамудың қозғаушы күштері туралы түсінік береді. *Саясаттану дегеніміз қоғамдағы саясаттың мән жайын түсіндіретін яки ондағы адам мен қоғамның ара-қатынасын айқындайтын тұжырымдамалардың жиынтығын дәйектейтін ғылым.*

1.2 Әрбір ғылым белгілі бір әдістерге сүйенеді. Методология-танымдық әрекеттің жалпы теориясы, онда не тану мен нені тануға концептуальды көзқарас туралы айтылады, бұл проблеманы зерттеудің әдістері мен тәсілдері бар. Саясаттану саяси құбылыстар мен өзгерістердің мән-мағынасын түсініп білу үшін түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, Марксистік методологияда, қоғамдық



құбылысты зерттеуде маңызды нәрсе таптық көзқарас болып табылады. Ол кез келген саяси идеологиялық және өнегелік т.б. құбылыстар таптық қызығушылық пен таптық күрес тұрғысынан қарастырылады. Сонымен әдіс деп зерттеу жүргізуді ұйымдастыру тәсілін айтамыз. Саясаттанудың мұндай тәсілдеріне – салыстырмалы, жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік, аксиологиялық және т.б. жатады.

Салыстырмалы әдіс дегеніміз әртүрлі елдердегі саяси жағдайларды зерттеп, соғын салыстырма жасау дегенді білдіреді. Олардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жіктеуге септігін тигізеді. Ондағы саяси тұрақтылық пен оның шешімдерін бағалауға, қажетті тұстарын қабылдауға мүмкіндік жасайды. Саясаттанудың салыстырмалы әдісі туралы ерекше айта кету қажет. Оны саясаттануға тән әдіс деп қарауға болмайды, бірақ ол жалпығылымдық әдіс, өйткені салыстыру барлық ілімдерді тануға апаратын жол. Салыстыру әдісі, әлемді тану сияқты өте көне. Бұл әдіспен 158 грек қалаларын зерттеуге, ондағы басқару формаларын салыстырған Аристотельдің «Саясат» кітабында кеңінен қолданған. Қазіргі заманғы батыс саясаттану ғылымында да салыстыру әдісі ең жақсы дамыған бағыт болып есептеледі. Әңгіме саяси жүйелер мен институттардың және т.б. салыстыра отырып зерттелуі туралы. Бұл әдістің өзіміздің Қазақстан Республикасында алатын маңызы зор. Себебі еліміздегі жүріп жатқан саяси реформалардың нәтижелі болуына басқа елдердің озық тәжірибесін пайдаланып, тиімді тұстарына салыстырма жасау арқылы қоғамға енгізу жеңісті шешім болмақ.

Жүйелеу әдісі дегеніміз қоғамдағы саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымдардың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырып, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік ортадағы орны мен қызметін және басқа құбылыстармен байланысын зерттеуді білдіреді.

Социологиялық әдіс саяси құбылыстардың қоғам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б. жағдайлармен байланысын анықтайды.

Тарихи тәсіл уақытына байланысты болып жатқан саяси құбылыстардың өткенін, қазіргісін және болашақтағы жай-күйін айқындайды. Ол әртүрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған уақыт мезгілін еске ала танып-білуді талап етеді.

Бихевиористік әдістің мәні адамдардың, жеке тұлғалардың және топтардың белгілі бір саяси жағдайда өздерін ұстауы, көпжақты әрекеттерінің нәтижелерін нақтылы зерттеу деп түсіндіріледі. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп-білуге болады дейді. Бихевиоризмге психоаналитикалық әдіс жақын. Бұл жерде саяси қызметтің субъективті себептерін зерттеуге арналған саяси зерттеулерде психоанализ әдісін қолдану айтылады. Батыста бұл әдіс қоғам мен саяси өкіл арасындағы сенімді зерттеу проблемасына арналады.

Нормативтік әдіс ХІХ ғасырға дейін жиі пайдаланылған. Қоғамның игілікке жетуін қамтамасыз ететін немесе адамның әуел бастан тиесілі табиғи құқықтарын іске асыруға алғышарттылықтар туғызатын саяси құбылыстың түрі.

Диалектикалық-материалистік әдіс қазір көп айтылмағанымен, бұрынғы Кеңес Одағы кезінде кеңінен пайдаланылған. Ол табиғатты, қоғамдағы және санадағы құбылыстар мен процестерді бірімен-бірі тығыз байланыста және үздіксіз даму жағдайында болады деп санайды. Бұл әдісті ешкім жоққа шығармайды. Бірақ коммунистік көзқарас сияқты бір ғана бұл әдістің шеңберінде қалуға болмайды.

Саясаттануда жеке әдістердің үлкен жиынтығы қолданылады. Жоғарыда аталған әдістерден басқа да әдіс-тәсілдер бар. Оларды терең меңгере отырып саяси процестер мен олардың жүру деңгейін шынайы бағдарлауға жолдама аласыз. Бүгінгі демократиялық қоғамда сан түрлі әдістер кеңінен қолданыста болады. Әңгіме ең алдымен орта деңгей теориясы, яғни концептуалдық сызбаның жиынтығы мен парадигма ұстанымы болып отыр. Аз ғана методологиялық (әдістемелік) әдістерге қарағанда орта деңгейдегі теориялар өте көп. Мысалы, американдық саясаттанушылар бұрынғы социалистік елдердегі тоталитаризм мектебін (З.Бжезинский, Х.А. Арендт т.б.) кең түрде зерттеді. Үшіншіні әлем елдері теориялық модернизация теориясы көмегімен сараптады. Капиталистік елдер жалпыға бірдей береке, плюралистикалық демократия теориясы және т.б. тұрғысынан қарастырылады.

Саясаттануды жеке әдістердің көмегінен зерттеу мүмкін емес. Олар белгілі бір саяси құбылыстың жай-күйі мен жағдайын ашып көрсетуге көмектеседі. Олардың көмегімен эмпирикалық әлеуметтік материал саяси анализ арнасына, орта деңгей теориясына бағытталады. Саяси іргетасыз берік саяси білімді жасау мүмкін емес. Жеке әдістемелер, статистикалық мәліметтерді саралау, сауалнама жүргізу (анкета, интервью), тікелей бақылау, құжаттарды зерттеу принциптері қолданылады. Кез келген саяси жағдайды мына сызба бойынша зерттеу жүргізуге болады: талдау жасау – диагноз қою – болжап айту. Сайлау алдындағы дағдарыс, халықаралық саяси процестер және т.б. мәселелерді үлкен дәлдікпен болжауға болады. Бұл орайда Лассуэл сызбасы кеңінен қолданылады.

Кез келген ғылымның қандай да бір атқаратын қызметі болады. Саясаттанудың да өзінің міндеті бар. Оған ең алдымен танымдық (гносеологиялық) қызметтер жатады. Олай дейтініміз саяси білім қоғамдағы оқиғаларды танып-білуге, олардың саяси мәнін түсінуге және болашақты болжауға мүмкіндік береді.

Саясаттану бағалау, яғни аксиологиялық қызмет атқарады, оның мәні мынада: кейбір саяси құбылыстарға, институттарға, жеке басқа, топқа, қоғамға, саяси құндылықтарға баға береді.

Демократиялық мемлекеттерде саясаттану саяси әлеуметтену міндетін атқарады. Ол азаматтықты, халықтың демократиялық саяси мәдениеттілігін қалыптастырады.

Саясаттану реттеушілік, басқару қызметін атқарады. Оның ерекшелігі – қоғамның саяси өмірімен тығыз байланысында. Соған орай ол адамдардың саяси өмірінде өзін-өзі ұстауына, іс-әрекетіне тікелей әсер етеді. Саяси дамудың үрдіс, бағдарын бақылай отырып, саясаттану қоғамдық оқиғаларды тиімді басқару үшін нақтылы мәлімет, мағлұматтар береді. Саяси білімдер, сипаттамалар, кеңестер адамдардың күнделікті тәжірибелік іс-әрекетінде басшылыққа алынады.

Саяси өмірді жетілдіру саясаттанудың негізгі міндеттерінің бірі. Бұл қоғамды басқаруға бағытталған реформалар жасап, оларды қайтадан тиянақты қарастырып сараптаудан өткізу деген ұғым. Қоғамды жетілдіре отырып заң шығарушы және атқарушы органдар қабылдайтын құқықтық жарғылар мен саяси-басқарушылық шешімдер қолданыс аясына енбей тұрып ең алдымен сарапталып сүзгіден өтеді, барлық аймақтағы нақтылы жағдайлар саяси тұрғыда талдаудан өтеді. Мемлекеттің басқаруына қолайлы жағдайлар туғызады. Әртүрлі шиеленістерді шешудің жеңіл жолын іздейді.

Саясаттанудың болжау қызметі бар. Саяси зерттеулердің құндылығы саяси процестердің үрдісін айнытпай бейнелеумен тынбайды. Ол белгілі бір саяси жағдайларда алдыңғы қатарлы, озық саяси өзгерістер жасауға бағытталған ғылыми негізделген болжаумен аяқталуы тиіс. Саяси ғылымның түпкілікті мақсаты да сонда.

## **2 Дәріс №2. Билік саяси феномен ретінде**

2.1 Билік ұғымы, маңызы, теориясы.

2.2 Саяси билік және саяси жүйе. Мемлекет.

2.3 Саяси тәртіп.

Дәріс мақсаты: билік саясаттанудың негізгі маңызды тақырыбы екендігінің маңызын ашу және биліктің саяси ерекшеліктері, оның басқару түрлері және жүзеге асыру механизмдерін қарастыру.

Мазмұны: биліктің маңызы веберлік ұстаным негізінде (билік қоғамдық және ерікті құбылыс) анықталады, оның құрамдас бөліктері мен басқару түрлері ашылады. Билік өкілеттілігін түсінуге арналған (реляционистік, бихевиористік, жүйелік) теориялар қарастырылады. Билік ерекшеліктері сипатталып, оның негізгі түрі болып саналатын мемлекеттік билік анықталады, саяси жүйе және саяси тәртіп түрлеріне анықтама беріледі.

2.1 Билік – саясаттанудың негізі болып табылады. Саясаттың мазмұны, саяси институттардың қызметтері туралы түсінудің кілті деген ой

қалыптастыруға болады. Саясаттың негізгі мәселесі – билік, ал мазмұны – билік үшін күрес және билікті жүргізу.

Өзінің даму тарихында «билік» түсінігі өте көптеген дәлелдемелер мен теорияларды ұсынды. Аристотель, Д. Локк, Т. Гоббс, Ж.Ж. Руссо, И. Кант, Гегель сияқты фәлсәфашылар билікке түрлі зерттеулер жасаған.

Неміс әлеуметтанушысы М. Вебер билікті зерттеудің жаңа түрлерін ұсынған. Ол ғылымға «әлеуметтік әрекет» ұғымын енгізді. Оның екі кезеңі бар: индивидтің субъективті әрекет етуі және басқаға бағдар жасау. Вебердің түсінігі бойынша билік дегеніміз, әлеуметтік қатынаста ешқандай қарсылыққа қарамай, өз мүмкіншіліктеріңді пайдалану. Билік Вебер үшін бірінші орында. Одан туындайтын нәрсе – саясат және сонымен байланыстының бәрі. Осы түсінікке сүйене отырып, биліктің бірнеше элементін ұсынуға болады:

а) билік қатынасында кемінде екі серіктестің болуы; билік субъектілердің ара қатынастары;

б) санкциялар қолдану қаупімен ұштасқан, кімге билік жүргізуі керек екенін көрсететін еркі немесе билік жүргізетін бұйрығы;

в) билік жүргізілетін адамдарды өз еркіне көндіру;

г) бұйрықтар, санкциялар және бағынулардың орындалу шекарасын анықтайтын қоғамдық нормалар.

Билік, өз дегенін орындау үшін түрлі формада көрініс беруі мүмкін: зорлық-зомбылық, үстемдік, басқару, басшылық, бақылау және т.б.

Билік жүргізу механизмін, оның ресурстарын, негіздерін биліктің көптеген теориялары түсіндіруге тырысады. Мысалы: телеологиялық, биологиялық, реляционистік, бихевиористік теориялар мен билік тұжырымдамалары.

Билік түсінігінің жаңа кезеңіне жүйелік тұжырымдамалар шығады (Т. Парсонс т.б.), олар билікті әлеуметтік жүйелердің әртүрлі қызметі ретінде қарастырады. Әр биліктің өз ерекшелігі бар: мысалы, кіші, микроәлеуметтік жүйе – жанұяда, еңбек ұжымында, қызығушылығы бір топтарда – бір түрлі; экономикалық, әлеуметтік, саяси, діни орталарда – басқаша түрлі болып отыр.

2.2 Саяси билік – бұл биліктің ерекше түрі. Ол топтардың, топтардың, жеке тұлғалардың қоғамды басқару институттарын бақылау арқылы өз еркін орындату мүмкіндігін көрсетеді. Саяси биліктің екі маңызды белгісі бар:

а) масштаб – ол әлеуметтік топтар мен бүкіл қоғамға әсер етеді;

б) мемлекеттік тұтқаны қолдану мүмкіндігі мен мемлекеттік шешім түрінде рәсімдеу.

Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Саяси билік таптық, топтық жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Ал, мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығару жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғарғы дамыған түрі болып табылады. Мемлекеттік биліктің

заңдылығы оның легитимдігінен білінеді. Легитимдік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) (М. Вебер енгізген ұғым) – қоғам алдында билікті заңдастыру, халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы. Макс Вебер билік басына келудегі легитимдіктің үш үлгісін ұсынады: әдет-ғұрыптық легитимдік, харизматикалық легитимдік, құқықтық легитимдік (бұларға жеке түсіндірме тәжірибелік сабақ кезінде студенттермен талқыланады).

Саяси жүйе – бұл қоғамның біртұтас жүйе ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететін, саяси билік орталықтан басқарылатын институттар жиынтығы. Саяси жүйенің ең негізгі қызметі – басқару. Оның төрт ішкі жүйелері бар: саяси институттар; саяси қатынастар; саяси ережелер; саяси мәдениет.

Саяси институттар қоғамдық алаңның барлық бөлігіне тарайды, себебі ол әртүрлі әлеуметтік субъектілер қарым - қатынасынан құралған. Саяси биліктің субъектілерінің екі типі бар: бұл әлеуметтік деңгей субъектілері – тап, этнос, топ, жеке адам және т.б. Екінші тобын институциональді субъектілер құрайды. Олар саяси ұйымдар: бүтін мемлекет, оның жеке құрылымдары – парламент, президент, әскер, сондай-ақ партиялар, қозғалыстар, оппозициялық көңіл-күй және т.б.

Солардың ішіндегі ең маңызды элемент – мемлекеттік билік. Ол қоғамда белгілі бір тәртіпті орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы аппараты, еріксіз көндіретін күштеу, зорлау органдары (әскер, сот, полиция, милиция және т.б.) болады. Мемлекет қоғам атынан оның ішкі және сыртқы саясатын атқара алады. Мемлекеттік және саяси билік ара-қатынасын мынадай формуламен көрсетуге болады: кез келген мемлекеттік билік саяси болады, бірақ кез келген мемлекеттік билік мемлекеттік болмауы мүмкін.

«Мемлекет» түсінігі екі негізгі мағынада қолданылады:

1) Үлкен әлеуметтік топ ұжымы ретінде, ол – «халық», «қоғам», «ел» мағынасында айтылады.

2) Басқару құрылымдарының жиынтығы ретінде, мемлекеттік аппарат, үкімет мағынасында. Саясаттануда осы екінші мағынасында қолданылады. Мемлекет алғашқы қауымдық қоғамда болған жоқ. Ол құл иеленушілік қоғамда дүниеге келді.

Мемлекеттің басқа әлеуметтік-саяси құрылымдардан ерекшелігі:

- а) қоғамды басқару мен қорғауға арналған органдар жүйесінің болуы;
- б) мәжбүрлейтін билікке монополия;
- в) қоғам атынан – экономикалық, әлеуметтік және әскери-сыртқы және ішкі саясатқа құқық және жеке-меншікті жүзеге асыру;
- г) елге міндетті заңдар мен ережелерді шығару;
- д) белгіленген аймақты бөлуді ұйымдастыру билігі;

е) Жалпы – халықтың бюджетті қалыптастыруға елден салық жинауға және жинақ жасауға монополиялы құқық.

Мемлекеттің қоғамдық белгілерінен басқа (елтаңба, ту, әнұран) өз атрибуттары бар, олар: аумақтық бөліну, ерекше өкімет аппараттары (жария билік), мемлекеттің егемендігі, ашық күш қолдану, яғни зорлықпен еріксіз көндіру, салық салу, мемлекеттің азаматы болу.

Мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, орындаушы және сот. Әрбір тармақтың қызметін атқаруға арналған өз құрылымдары бар, олар орталық және жергілікті болып бөлінеді.

Мемлекеттің маңызды сипаттамасына жататындар:

1) Басқару үлгісі – монарх (монархия) билік етеді немесе сайлап алынған президент (республика) басқарады.

2) Ұлттық-территориялық құрылғы немесе мемлекет құрылымы. Бұл орталық және жергілікті билік органдарының маңызды аймағының арақатынасы. Унитарлы мемлекетте мемлекеттік территория біреу, бөлінбейді, онда ішкі мемлекеттік құрылымдар жоқ. Федерация – орталық институттардың үстемдігімен одақтық мемлекет. Конфедерация – бұл жергілікті институттар басқаратын одақтық мемлекет.

Мемлекеттің басты рөлі – қоғамды басқару. Оны жүзеге асыру үшін мемлекет мынандай ішкі қызметтер атқарады: экономикалық, әлеуметтік, құқықтық ережелерді қамтамасыз ету, қоғамдық құрылысты қорғау, мәдениеттік, тәрбиелік, білімдік маңыздылықтарды жүзеге асыру. Елдің сыртқы қызметі – басқа елдермен саяси және экономикалық қарым - қатынас орнату.

2.3 Саяси тәртіп (режім) – бұл демократиялық құқық пен еркіндікті бейнелейтін мемлекеттік билікті жүргізу әдістерінің жүйесі. Қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы деп үлкен екі топқа бөледі. Осыны анықтағанда мақсатында төмендегідей сұрақтар туындайды.

Кім (топтар, партиялар, элита, топтар) мемлекетті басқарады?

Қандай басқару әдістеріне басты орын бөлінген – тікелей, мәжбүрлеу (Г. Рассель бойынша «Жалаңаш билік») немесе жанама, демократиялық?

Әлеуметтік күрес және қысым институттары, ішінара оппозициялық партиялар, кәсіподақтар немесе басқа ұйымдардың әрекетіне жол беріле ме, берілсе қаншалықты мөлшерде?

Мемлекеттегі жеке тұлға ахуалы қалай. Соңғы екеуі азаматтық қоғамның көрсеткіштері болып саналады.

Әлем елдерінің саяси даму тарихи мен саяси режимдері алуан түрлі. Шын мәнінде, әр мемлекеттің өз режимі қалыптасқан. Сонда да саяси режимдерді үш үлкен топқа біріктіруге болады: тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық.

Тоталитарлық режим биліктің тотальділігімен, азаматтық қоғамның жоқ болуымен сипатталады, тоталитарлық билік қоғам өмірін төтенше жағдайлар принципі бойынша мәжбүрлеп ұйымдастырады. Онда өндіріс, экономика,

бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. – бәрі тегіс бақылаудың астында болады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, демократиялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық полициялық бақылау орнайды. Қоғам милитарланады. Тоталитаризмнің екі нұсқасы болады: оңшыл радикалистік және солшыл экстремистік. Тоталитарлық тәртіпте жалғыз көпшілік партия қалыптасады. Билікті сол жүргізеді. Ол партия оған кірген мүшелердің қимылы өз еркімен және демократиялық жолмен ұйымдаспайды. Көсемнің ырқымен, соның айналасында (Гитлер, Сталин) құрылады. Ондай қоғамда идеологияның рөлі үстемдік етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдаланады. Бұқараны соның күшімен өз ықпалында ұстайды. Идеологияны көсем белгілейді. Мысал келтіретін болсақ Гитлердің өз ұлтын басқалардан жоғары қоюы, Франконың христиандық қоғамы, Сталинның бұрмаланған социализм идеологиясы.

Авторитарлы саяси режімде мемлекет мықты, авторитарлы көшбасшы билігіне сүйенеді, азаматтық қоғам әлсіз болса да қалыптасқан. Тоталитарлық режімге қарағанда халық бас көтерулері мен қозғалыстарын басуға күштеу әдістері азырақ қолданылады, көбінесе, әлеуметтік демагогия және компромистер қолданылады. Азаматтық қоғамда әлсіз де болса ағымдардың алғашқы өскіндері, оппозиция, әлеуметтік қорғау органдары, қоғамдық өз ойын айту пайда болады. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады. Сайланбалы мемлекет органдары азаяды. Олардың жұмыстары мемлекет басшысының ырқына бейімделеді. Авторитарлық тәртіпке мысалы, Пиночет кезіндегі Чилиді, Франко кезіндегі Испанияны, қазіргі Иорданияны, Индонезияны, Марокко, Кувейтті, Сауд Арабиясын жатқызуға болады.

Демократиялық режімде мемлекетті қадағалайтын, сонымен қатар оның барлық шешімдерін орындайтын азаматтық қоғам болады, өйткені ол қоғам мен мемлекет бір заңмен өмір сүреді. Билікті бөлісу нақты жолға қойылған. Билік әлеуметтік аумаққа кең жайылған, барлық деңгейде бақыланады және қарсы дау айтылады. Демократиялық саяси режімді оның қалыптасуы мен жоғарғы мемлекеттік билікпен ара-қатынасына байланысты екі типке бөлуге болады: парламенттік және президенттік.

Парламенттік режімде президент пен монарх мемлекетті басқармайды, төтенше шешім қабылдай алмайды. Олар мемлекеттің арнайы өкілетін алып жүрушілері. Өкімет пен парламент арасындағы биліктің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін екі жақты әсерлері болды. Парламенттік режім батыс елдерінің біразында бар. Оның ең жарқын көрінісі Ұлыбритания, ГФР, Австрия, Испания, Скандинавия елдерінде байқалады.

Президенттік режімнің ең басты көрсеткіші – орындаушы билікте дуализмінің болмауы. Президент ел басы және орындаушы биліктің, өкіметтің

басшысы болып саналады. Президент барлық халықтың тікелей және жанама дауыс беруі нәтижесінде сайланады. Тура осылай басқа сайлау кезінде парламент сайланады. Олардың әрқайсысы елбасының саясатын орындауға өкілетті.

Президент пен парламент бір-біріне тәуелді емес, өйткені парламент президентті орнынан алып, сенімсіздік танытуы бойынша министрлерді орнынан алып тастай алмайды, ал президент парламентті тарата алмайды. Президенттік республикасының классикалық мысалы АҚШ бола алады.

### **3 Дәріс №3. Саясат субъектілері**

3.1 Тұлғаның саяси әлеуметтенуі.

3.2 Саясатқа қатысу мен оның түрлері.

3.3 Саяси көшбасшылық.

Дәріс мақсаты: адам факторының саясаттағы рөлін ашу, саяси процестерге жеке адам қалай тартылады, қандай жағдайларда жеке адамның саясаткер ретінде рөлі артады немесе кемиді; сондай-ақ «саяси көшбасшылық» ұғымының маңызы мен мағынасын түсіндіріп, «элита» терминіне талдау жасау, олардың саяси билік қызметіндегі маңызы жөнінде студенттерге түсінік беру.

Мазмұны: тұлғаның саяси әлеуметтену проблемасы нәтижесінде индивидтің саяси адам қасиетіне ие болуы қарастырылады: саяси әлеуметтенудің және оған әсер ететін факторлардың жолдары мен деңгейлері сиппаталады. Саяси әлеуметтендіру үдерісінің мазмұны тұлғаны әлеуметтендірудің жалпы үдерісінің бөлігі ретінде ашылады. Тұлғаның саясат субъектісі болуы қабілеттерінің ең маңызды көрсеткіш болып табылатыны және саяси көшбасшы деңгейіне дейін көтеріле алуының мәнін айқындау. Саясатқа қатысу түрлеріне талдау жасалады, саяси көшбасшылық және саяси элитизм талданады.

3.1 Тұлға деп қоғамдық өмірдің нақтылы тарихи жағдайлары қалыптастырған, саналы іс-әрекет ете алатын, өз жүріс-тұрысына жауап беретін, еңбек етіп, қарым-қатынас жасаушы, айналадағыны танып-білуші жеке адамды айтады. Тұлғаның саяси қызметпен айналысуы өте маңызды. Саясат субъектісі рөлін атқаруы үшін ол сол қызметке дайындалуы қажет – арнайы білім алып, мүмкіндіктерін, икемдері мен біліктілігін шыңдауы қажет. Оның бәріне қол жеткізу жеке адамды саясат әлеміне жетелеп әкелетін және жай адамды саясаткерге айналдыратын процесс саяси әлеуметтену деп аталатын процесс нәтижесінде жүзеге асады. Субъект деп белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе әлеуметтік топты атайды.

Саяси әлеуметтену негізгі екі жолмен жүзеге асады. Біріншісі – саяси мәдениет нормаларына енген өткен уақыттың саяси тәжірибесін жаңа ұрпаққа беру. Бұл жанұядағы тәрбие нәтижесінде, мектепте оқыту арқылы беріледі.



Екінші жолы жеке тұлғаның бұрын белгісіз болған жаңа саяси тәжірибе жинақтауы, өйткені күнделікті өмірде кейбір саяси ұғымдардың алғашқысы мен кейінгісі араласып жатады, олар бірін-бірі толықтырады және бір-біріне қайшы келуі де мүмкін. Солардың ара жігін ашуға ұмтылу керек.

Саясаттану процесі әртүрлі кезеңдерді бастан өткере отырып, азаматтың дамып жетілу процесіне тікелей ықпал етеді. Саясатты меңгеру үш кезеңге бөлінеді. Біріншісі, 3-5 жастан 12-13 жас аралығы. Алғашқы саяси мәліметті балалар өздері үлгі тұтатын, ұқсауға тырысатын ата-аналарынан алады. Осы кезеңнің аяғына қарай (7-13 жас) саяси ақпарат ағымы көбейеді, жалпы және абстрактылы саяси символдарды түсіну мен қабылдау қабілеті артады. Екінші кезеңде (13-18 жас) саяси «мен» немесе жеке бастың саяси сезімі қалыптасады. Саяси нысандарға деген эмоциялық сезімі саяси жүйедегі құзырлық адамдар мен әртүрлі институттардың орындаған арнайы рөлдері мен қызметтерімен толықтырылады. Үшінші кезеңде (18 жастан ары қарай) өзінен көп үлкен адамдармен бірге саясат өміріне қатыса алады (саяси партияларға, әкімшілік органдарға т.б. сайлайды, өзі сайлана алады).

Саяси әлеуметтену кезінде жеке тұлға өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсерін сезіне алады. Бұл әлеуметтік ортаға саяси және саяси емес факторлар сол адам өмір сүріп жатқан елдің мемлекеттік құрылымының түрі мен сипаты, саяси режимі, саяси институттары, партиялары, жастар қоғамы мен қозғалыстары, оқу орындарындағы саяси сауат курстары т.б. саяси емес факторларына байланысты түрліше болады:

а) дәстүрлі фактор – жанұя, қатар құрбылар тобы, мектеп, жұмыс, шіркеу, мәдениет, әдебиет ақпарат құралдары;

ә) дәстүрлі емес фактор – жастар субмәдениеті, поп-әуен;

б) макроәлеуметтік факторлар – әлеуметтік-экономикалық қатынастар, өмір сүру салты, салт-дәстүр, мәдениет. Жеке басты саяси әлеуметтендірудің маңызды әлеуметтік жағы – ол жеке адамға саяси жүйе құндылықтарын беру процесін жүзеге асыру. Кімнің қандай жағдайларда жеке басқа әсер етуін ғана емес, қалай жүргізілетінін білу маңызды. Осы механизмдердің кейбірі әдейі ұйымдастырылады. Адамның саяси мінез-құлқына бақылауды, оқытуды саяси институттар жүргізеді. Кейбірі кездейсоқ қалыптасады. Саяси әлеуметтену механизмі бірнеше түрлі деңгейде қызмет етеді:

1) Әлеуметтік деңгейде яғни бүтін қоғамда.

2) Әлеуметтік-психологиялық деңгейде.

3) Тұлғаның ішкі психологиялық деңгейінде.

Саяси әлеуметтенудің нәтижесі деп жеке бастың саяси құндылығы мен мақсатының орнығуын айтамыз. Тұлғаның саяси құрылымы дегеніміз төмендегідей:

1) Саяси таным.

2) Саяси қызығушылық, қажеттіліктер мен мотивтер.

3) Саяси ерік.

4) Саяси мінез-құлық.

Саяси әлеуметтену нәтижесінде – саяси қалыптасқан, саяси мәдениеті жоғары тұлға қалыптасады.

3.2 Саясаткерлер әлеуметтену барысында адамның алдында объектіден саяси субъектіге айналу мүмкіншіліктері болады дейді. Объект деп субъектінің танымдық және басқа іс-әрекеті неге бағытталса, соны айтады. Басқа сөзбен айтқанда, объект – зерттелетін зат. Сонда саясаттанудың объектісіне саясат, саясат әлемі жатады. Негізгі көрсеткіш деп процесті іске асыру – бұл саяси саясатқа қатысу (СҚ) деп аталады. Бұл жерде адамның қоғамның саяси өміріне тәжірибелік қатысуы туралы айтып отырмыз. СҚ – бұл саяси өктемдіктің болуына, шешімдердің орындалу процесіне және басқарудағы саяси мінез-құлыққа мән беру дегенді білдіреді.

СҚ ағылшын зерттеушісі А.Марш ортодоксалдық және ортодоксалдық емес деп жіктеуді ұсынады. СҚ ортодоксалдық түріне саяси жүйенің тұрақты қызмет жасауын қамтамасыз ететін заңды іс-әрекеттер мен талаптарды жатқызады. Ал заңсыз саяси жүйеге қарсы бағытталған іс-әрекеттерді саяси қатысудың ортодоксалдық емес түріне жатқызады. Американдық зерттеушісі У. Милбрайт СҚ конвенционалдық және конвенционалдық емес деп бөледі. Конвенционалдық саяси қатысуға ашық және заңмен реттелетін дауыс беру, саяси партиядағы қызмет, сайлау науқандарына қатысуды жатқызады. Ал екінші түріне көтерілістер, әділетсіз заңға бағынудан бас тарту және қарсылық шерулеріне қатысуды жатқызады.

Тұлғаның қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуының жан-жақты маңызы бар. Мұндай қатынас арқылы адамның барлық қабілетін дамытуға мүмкіндік жасалады. Азаматтық қоғам мен саяси институттардың арасында тығыз байланыс орнайды. Қоғам мүшелері мемлекет істерін басқару арқылы өз мүдделерін қанағаттандыруға, мемлекет құрылымдарының қызметіне бақылау жасауға, олардың бюрократияланып, шектен шықпауына әсер етеді.

СҚ түрлері, себептері әртүрлі болады. Қатысу түрлері – орталанбаған және орталанған бола алады:

а) саясатқа айтарлықтай әсер етпейтін, оған селқос қарап, белсенділік білдірмейтін қоғамның қатардағы қарапайым мүшесі;

ә) қоғамдық ұйымға, қозғалысқа кіретін, бірақ саяси жұмысқа тура араласпайтын (шешімдер қабылдамайтын) азамат;

б) саяси ұйымдардың (партияның және т.б.) мүшесі болып есептелетін, саяси өмірге саналы түрде, өз еркімен тікелей араласатын адам;

в) қоғамдық, әсіресе саяси қайраткер;

г) саяси қызметтің арқасында күн көріп, табыс тауып, оны өмірінің мақсатына айналдырған кәсіби саясатшы;

д) ұйымдастырушы, идеялық, ресми не бейресми, абырой, бедел, ең «соңғы саты» болып саналатын саяси басшы, көсем.

Қоғам қаншалықты демократиялы болса, ондағы СҚ түрлері соншалықты алуан түрлі болады, яғни саяси көзқарастар мен әрекеттердің мүмкіндіктері өте кең ауқымды деңгейде қалыптасады. Жеке адамның саяси белсенділікке қатысу мүмкіндігі молайып, биіктеген сайын, оның қоғамдағы орны да жоғары болады. Адамның әлеуметтік және саяси мәртебесі оның саяси субъектілігінің негізгі өлшемі болып саналатын азаматтық-құқықтық заңда айқындалады.

3.3 Көшбасшы топ немесе ұйым бар жерлерде өз қызметін бастайды. Ол басқалардың мақсаттарына бірге араласып, оларға әсер ете алады, бағытталған ісін бірлестік назарында ұстай отырып, қанағаттанарлық деңгейге жеткізеді.

Саяси ойлар (СО) тарихында көшбасшының негізін, саяси портретін түсіндірудің бірнеше мысалы бар. Психологиялық негізге келсек озат үлгілі адам табиғатынан белсенді, ол басқалармен салыстырғанда ерекше сапаларға ие жоғары деңгейдегі адам, даналығы, беріктігі және мінез-құлқындағы нақтылық, ынталылығы, болжағыштығы және т.б. қасиеттері мол. Мысалы, Ф. Ницше, басшы болу кез келгеннің қолынан келе бермейді, тек «дарынды адамдар» ғана билеуші бола алады деген. Кейбір көрнекті қайраткерлер, өкімет билігіне ие болмай және ресми өкіметтің орындарын иеленбей-ақ, тіпті ұмтылмай-ақ көшбасшы болуға қол жеткізген: мысалы бұлар Махатма Ганди Мартин Лютер Кинг, А.Д. Сахаров.

Көшбасшылықтың мәнін түсінуде марксизмнің де рөлі зор. Марксистік-ленинистік пікірдің айтуынша көшбасшылық – қоғамда, көпшіліктің, партиялардың, саяси басшылардың қатысуымен болатын әлеуметтік-саяси тап күресі барысында пайда болады. Саяси ғылымда көшбасшылық типологиясының әртүрлі тұстарын байқаймыз. Солардың бірін Макс Вебер (1864–1920 жж.) ұсынды. Вебер үшін көшбасшылық – қабілеттілік, бұл дегеніңіз «бұйрықтарды қабылдай бермей, өз ойыңды білдіру немесе керек кезінде мәмілеге келіп мәселенің ырқына көну» болып танылды. Ол көшбасшылықтың үш үлгісін белгілеп берді:

- 1) Дәстүрлі көшбасшы. Дәстүрлердің әулиелігіне сену негізінде салынған.
- 2) Ресми (немесе бюрократтық) көшбасшы. Өкіметте болады. Олар заңды жолмен ауыстып отырады.
- 3) Харизматикалық көшбасшы. Адамның табиғаттан тыс қабілеттілігі негізінде пайда болады.

(«Харизма» - грекше шапағаттылық, рақат, құдайшыл сый тарту дегенді білдіреді). Харизматикалы көсемді ауыстыру қиын немесе жалпы мүмкін емес.

Америкалық саясаткер Принстонск университетінің профессоры Р.Такер көшбасшылықтың келесі типологиясын ұсынады:

- 1) Көсем-реформатор. Қоғамдық идеалдардың бар екендігіне сенеді, бірақ оларды жақсартуды ұсынады. Мысалы: Мартин Лютер Кинг, Н. Хрущев.

2) Көсем-революционер. Қоғамдық идеалдарды теріске шығарып, өзгертуді ұсынады. Мысалы: Маркс, Энгельс.

3) Кертартпа-көсем. Өзгертулерді тілемейді, керісінше оларға қарсылық етеді. Мысалы: Такер, Ленин, Брежнев.

Адам саясатқа неғұрлым белсенді араласса, соғұрлым оның саяси көшбасшы деңгейіне көтерілу және саяси элитаға кіру мүмкіндігі молырақ болады. Француз тілінен аударғанда «элита» сөзі ең жақсы, іріктелген, тандаулы дегенді білдіреді.

Саяси элита дегеніміз - өз қолында саяси биліктің едәуір бөлігін шоғырландыра отырып, қоғамның түрлі бөліктерінің мүдделерінің саяси ұстанымдарын біріктіруді, субординацияны қамтамасыз ететін және саяси ойларды жүзеге асыру тетігін жасайтын салыстырмалы түрдегі шағын әлеуметтік топ.

Элиталардың заманауи тұжырымдамаларының негізі италиялық социологтар Гаэтано Моска (1858 - 1941 жж.) және Вильфредо Парето (1848 - 1923 жж.) және неміс саясаттанушысы Роберт Михельстің (1876 - 1936 жж.) еңбектерінен бастау алады.

Г. Моска кез келген қоғамның әлеуметтік жағдайы мен атқаратын рөлі бойынша тең емес екі топқа бөлінетінін дәлелдегісі келді. Моска азшылықтың көпшілікке үстемдігін болмай қалмайтын нәрсе дейді, өйткені бұл ұйымдасқан азшылықтың ұйымдаспаған көпшілікке үстемдік етуі.

В. Парето қоғамның басқарушы элитаға және басқарылатын бұқараға бөлінуін адамдардың әлеуметтік өмірдің барлық салаларында көрінетін жеке қабілеттерінің теңсіздігінен шығарды. Ол ең алдымен саяси, экономикалық, әскери, діни элитаны бөлді. Р. Михельстің тұжырымының мәні мынада: өзін сақтау және белгілі бір тұрақтылыққа жету үшін демократия ұйым құруға мәжбүр. Ал бұл элитаның – белсенді азшылықтың бөлініп шығуымен байланысты, үлкен ұйымға тікелей басшылық жасау мүмкін болмағандықтан, халық оған өз тағдырын сеніп тапсырады. Көшбасшылар өз биліктерін ешуақытта «бұқараға» бермейді, тек қана жаңа, басқа көшбасшыларға береді. Ұйымды басқару қажеттілігі аппарат құруды талап етеді және билік оның қолына шоғырланады. Нақты өмір фактілері және көптеген зерттеулер саяси элитаның қоғам дамуы кезеңінің бүгінгі (мүмкін ертеңгісінің де) ақиқаты екендігін және ол мынадай негізгі факторлардың әрекетіне сүйенетінін растайды:

1) Адамдардың психологиялық және әлеуметтік теңсіздіктері, олардың саясатқа қатысу қабілеттерінің, мүмкіндіктері мен тілектерінің бірдей еместігі.

2) Еңбекті бөлу заңы басқару еңбегімен кәсіби айналысуды талап етеді.

3) Басқару еңбегінің жоғары маңыздылығы және соған сай ынталандыру.

4) Түрлі әлеуметтік артықшылықтарға ие болу үшін басқару қызметін пайдаланудың үлкен мүмкіншіліктері.

5) Саяси жетекшілерге іс жүзінде тұтастай бақылау жүргізуді жүзеге асыру мүмкіншілігінің мүмкін еместігі.

6) Халықтың көп бөлігінің саяси салғырттығы.

Элиталардың түрлі типтері бірқатар негіздемелер бойынша типтендірілуі мүмкін:

1) Билікке қатысы бойынша былайша бөлінеді: басқарушы элита; басқармайтын немесе контрэлита.

2) Құзыреттілік деңгейі бойынша: жоғарғы (жалпыұлттық); орта (аймақтық); жергілікті.

3) Қызмет нәтижесі (тиімділігі) бойынша: элита; псевдоэлита; антиэлита.

Бұдан өзге, «тұқым элитасы», немесе аристократия; байлық элитасы, немесе плутократия; білім элитасы немесе меритократия; деспоттық, тоталитарлық, либералдық және демократиялық элиталар; жабық және ашық элита деп бөледі. Қоғамның саяси өмірінің элиталылығы – бүгінгі күннің шындығы. Саяси элитаның жұмысының сапасын және тиімділігін көтеру мәселелері басты назарда болуы тиіс.

#### **4 Дәріс №4. Саяси даму және модернизация**

4.1 Модернизацияның негізгі тұжырымдары, бағыттары, түрлері

4.2 Қазақстан Республикасының саяси модернизациялануы

Дәріс мақсаты: Қазақстанның саяси жүйесін сипаттау – кеңестік дәуірдің саяси жүйесінен айырмашылығын анықтау мен 1995 жылы ҚР конституциясының негізінде құрылған президенттік басқару жүйесінің ерекшелігін дәйектеу. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының және оның сипаттын бағдарлау, сонымен қатар республикада жүзеге асатын саяси жаңартудың өте маңызды бағыттарын анықтау. Саяси жаңару (модернизация) тұжырымдарымен танысып, олардың бағыттарын айқындау және модернизацияны жүзеге асырудың жолдарын талдау.

Мазмұны: Кеңестік кезеңдегі еліміздің саяси жүйесіне тән мәселелер көрсетілген. 1995 жылы ҚР конституциясы мен президенттік биліктің ерекшелігі мен маңыздылығы сипатталады. Конституциялық реформалар мен еліміздің саяси жаңару кезеңдері талданады. Модернизация ұғымы мен мазмұнына анықтама беріледі. Қоғам өмірінде жаңарудың саяси дамудың маңызы қарастырылады.

4.1 Саясаттану ғылымында бір саяси жүйеден екінші саяси жүйеге ауысу «саяси даму» немесе «саяси жаңару» терминдерімен түсіндіріледі.

«Модернизация» сөзінің этимологиялық ұғымы «modern» француз тілінен аударғанда жаңа, қазіргі заманға сәйкес деген мағынаны білдіреді. Ал «modernize» жаңа талаптарға сәйкес, жетілдіру, жаңарту, өзгерту деген сөзден шыққан.

Модернизация теориясын талдауда әртүрлі көзқарастар Г.Алмонд және Д.Пауэлланың «Даму тұжырымдамасы тұрғысынан. Салыстырмалы саясаттану» (1966), Д.Аптердің «Жаңару саясаты» (1965), Ш.Эйзенштадтың «Саяси жаңару: қарсылық және өзгеріс» (1966), С.Хантингтонның «Өзгермелі қоғамның саяси тәртібі» (1968) және басқа еңбектерде жан-жақты баяндалған.

Модернизация теориясы ХХ-ғ. 50-60 ж.ж қоғамдық-тарихи даму теорияларының бір бағыты болды. Бұл теорияның басты белгісі универсалдық, яғни қоғам дамуын барлық елдер мен халықтар үшін ортақ заңдылықтар мен кезеңдер бар жалпы (универсалды) процесс ретінде қарастыру.

Универсалдық әдістемелік негізі технологиялық детерменизм, яғни адамзат дамуын технология мен экономика прогресінен іздеу. Технологиялық детерменизм - технологиялық өзгерістер қоғам дамуының негізі болып табылатын және әлеуметтік ұйымдастыру, экономика қоғамның мәдениетіне және оның құндылықтарына елеулі ықпал ететін әдістеме. Технологиялық детерменизм техниканың қоғам өмірінің саласы ретінде дербестігіне, өзіндігіне сүйенеді. Технологиялық детерменизм жақтастары техносфераның дамуы техникалық ұтымдылықтың әмбебеп тиімділік, жүйелілік, сенімділік, сияқты критерийлеріне бағынады деп есептейді, және ол әлеуметтік-саяси, экологиялық, моральдық және өзге де «сыртқы» факторладан тәуелсіз дейді. Д.Белл, өнеркәсіптік технологиялардың өзгермелілігіне сүйене отырып, индустрияға дейінгі, индустриалдық және постиндустриалдық қоғамдарды анықтайды.

Саяси модернизация – жеке пән ретінде саясаттану ғылымының күрделі ажырамас бөлігінің бірі б.т. Адамзат тарихында алғашқы модернизация Батыс Еуропа елдерінде XVI-XVII ғ.ғ. басталды. Модернизация – дәстүрлі қоғамдағы артта қалушылықтан арылу және қазіргі кезеңдегі қоғамға өту процесі. Яғни, саяси модернизациялау теориясының маңызды мәселесі – дәстүрлі қоғамнан рационалды қоғамға өтудегі өтпелі кезеңнің саяси жүйесін зерттеу. Модернизацияның бірден-бір толық анықтамасын 60 жылдарда зерттеуші Ш.Н.Эйзенштадт берді: «Тарихи тұрғыдан модернизация дегеніміз XVII ғасырдан XIX дейінгі Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада дамыған әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелер түрлерінің өзгеру процесі, оның басқа еуропалық елдерге, ал XIX ғасыр мен XX ғасырда Оңтүстік Америка, Азия мен Африка құрылықтарына таралуы»

Жалпы модернизация теориясы дәстүрлі қоғамнан адамның жеке меншік пен саяси биліктен жатсынуын арылтуға ұмтылатын қазіргі заманға өту үрдісін түсіндіруге ұмтылатын қоғамдық даму тұжырымы. Дәстүрлі қоғам мен қазіргі заманды салыстырмалы түрде зерттеген М.Вебер және Т.Парсонс.

*Саяси модернизация*, біріншіден территорияны кеңейту және әкімшілік-саяси шекараны реттеу, ұлттық немесе федеративтік мемлекеттердің құрылуы, орталық (заң шығарушы, атқарушы да) биліктің күшеюі, сонымен бірге билік бөлінісі; екіншіден мемлекеттің қоғамның ішкі бірлігін және тұрақтылығын

сақтай отырып экономика, саясат және әлеуметтік салалардағы құрылымдық өзгерістерге дайындығы; үшіншіден саяси үрдіске тұрғындардың кеңінен қосылуы; төртіншіден; саяси демократияның орнауы немесе билікті заңдастыру тәсілдерін өзгерту.

У. Росту өзiнiң «Экономикалық даму кезеңдерi» еңбегiнде қоғамдық-экономикалық дамуды технологиялық прогресс негiзiнде зерттейдi. Әрқайсысы өзiнше, бiрақ барлық елдер басынан кешiретiн экономикалық өсудiң бес универсалды кезеңiн ұсынады.

Бiрiншi кезең – қарапайым технология негiзiндегi дәстүрлi қоғам. Бұл жерде ауылшаруашылығы мен жанұялық, кландық байланыстар басым.

Екiншi кезең - өтпелi қоғам. Жаңа элита қалыптасып, өзгерiстердiң қозғаушы күшi ұлтшылдық пайда болады.

Үшiншi кезең - өрлеу. Ұлттық кiрiс салмағы өсiп, жаңа өндiрiс салалары дамиды. Бұл кезең индустриализациядан басталады.

Төртiншi кезең – толысу. Экономикада шаруашылықтың көп салалы құрылым қалыптасып, химиялық, электротехникалық өндiрiс, күрделi машина жасау пайда болады.

Бесiншi кезең - көпшiлiк тұтынушылық қоғам қалыптасады. Экономика құрылымы қызмет көрсету саласы мен ұзақ пайдаланылатын күрделi тұтынушылық тауарларды өндiруге ойысады.

Бұл iлiмге сүйенер болсақ барлық елдер оқиғаның объективтi дамуын күтпей – ақ келесi кезеңдерге жетуге ұмтылулары қажет деген қорытынды шығады. Сонымен модернизация дегенiмiз қоғамның барлық саласын қамтитын көпқырлы процесс.

Саяси модернизация теориясындағы бағыттар: либералдық бағыт және консервативтi бағыт. Либералдық бағыттағы зерттеушiлер (Р.Даль, Г.Алмонд) саяси модернизацияның мақсатын әр кезде өзгерiп отыратын әлеуметтiк және саяси талаптармен жұмыс iстей алатын институттардың қалыптасуынан көредi. Ал, консервативтi бағыт өкiлдерi (С. Хантингтон, Дж.Нельсон) тек қатаң тәртiп қана нарық пен ұлттық бiрлiкке өтудi қамтамасыз ете алады. Сондықтан, саяси модернизация жоғары орталықтандырылған саяси институттарды талап етедi, яғни қоғамдық өзгерiстер үшiн ұйымдық құралдарды институттандыру қажет. Сондай-ақ, модернизацияның органикалық және органикалық емес түрлерi бар. Бiрiншiсi қоғам дамуының өзiндiк қажеттiлiктерiнен туындайды ал, екiншiсi, дамыған елдер ықпалымен жүредi.

4.2 Қазақстан тәуелсiздiгiн алғанға дейiн одақтық республика қатарында болғандықтан бұрынғы КСРО-ның барлық саяси жүйесiн алып жүрдi. Бiзге КСРО-ның тоталитарлық үлгiдегi демократиясы жоқ мемлекет болғандығы белгiлi. Қазақстанның саяси жүйесi туралы да осыны айтуға болады. Қазақ КСР Конституциясының 2,78 бабына сәйкес саяси жүйе негiзiнде халық депутаттары кеңестерi болды, бiрыңғай жүйе сияқты мемлекеттiк өкiмет органдарының,

өкіметтің басқа барлық органдары бақылауда және есеп беруге міндетті болды. Саяси жүйе шешімімен компартия өмір сүрді. Саяси оппозиция болған жоқ.

КСРО құрамында бола тұра қазақ халқы толық құнды мемлекеттік тәуелсіздікке ие болмады. Барлық маңызды шешімді тоталитарлық орталық қабылдады, ал одақтас республикаларда олардың шешімдері тек қайталанды және орындалды. Республикаларда экономикалық тәуелсіздікке шек қойылды. Республика үкіметі өнеркәсіпті кәсіпорындардың құрылысы туралы шешім қабылдауда орталық комитеттің келісіміне жүгінді. Еліміздің өз мәдениетін, тілін, дәстүрлерін дербес дамытуға мүмкіншіліктері болмады. Солардың өте айқын үлгісі – қазақ тілін жоғалтып алуға жақын қалғанымызды айтсақ болады. Басқа мемлекеттермен дербес байланыс жасауға да құқы болмады.

Қазақстанның саяси жүйесінің модернизациялануы КСРО-ның әлсіреуімен, дағдарысымен және ыдырауымен байланысты. 1990 жыл 25 қазанда Қазақ ССР жоғарғы кеңесі республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декларация қабылдады. Қазақстан мемлекетті дербестікке қол жеткізді. Сонымен қатар, декларация, жаңадан одақтық келісім-шарт қарастырылды. Басқару жүйесі туралы нақтылар болсақ, мемлекет басшысы – парламентпен сайланған президент тағайындалатындығы мәлімделді.

Қазақстанның саяси жүйелерінің қалыптасуы үшін екінші құжат – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі (16.12.1991 ж.) туралы конституциялық заңның қабылдануы қажеттілік болды. Бұл жас мемлекеттің сыртқы шарттарының өзгерісімен байланысты болатын:

а) 1991 ж. 19-21 тамыздағы Мәскеудегі бүлік КСРО-дағы социализмді құлатты;

ә) 8.12.1991 ж. оқиғаның болуы КСРО-ның ыдырауына алып әкелді.

Жоғарғы кеңес оқиғаларды есепке ала отырып, конституциялық заңды қабыл алды және 16.12.91 ж. атын өзгертіп, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жариялады. Басқару жүйесі президенттік республикаға ауысуды құптады, үкімет президенттің алдында, жоғарғы кеңестің алдында жауапты. Президентті халық сайлайды. ҚР президенті 7.02.92 ж. қаулыға сәйкес облыстардың әкімін тағайындады.

Бірінші конституцияны қабылдау саяси жүйенің бірінші бөлімінің қалыптасуының аяғы екендігін білдірді. Президент – республика басшысы, ол өкіметтің бірыңғай атқару жүйесін, жоғарғы кеңес шешімдеріне тыйым салуға құқығы бар.

Қазақстанның саяси жүйесінің дамуы 1995 жылғы Конституциялық реформаға байланысты. 1995-жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда жаңа конституция қабылданған болатын. Онда ең алдымен елде объективті саяси процес шарттарында болған маңызды өзгертулер көрсетілген. 1993 жылдың соңында жоғарғы және жергілікті кеңестердің таралуы болып өтті. 1990 жылы декларацияда кеңестердің бүкіл билігінің қабылданбауы жарияланған



болатын, бірақ кеңестер, саяси ой және саяси субъекті сияқты конституциялық деңгейде бар болуды жалғастырды. ҚР жаңа конституциясы республика саяси жүйесінің ақырғы үлгісін жазып қойды. Бұл процестің Қазақстандағы ерекшелігі – ол бейбітшіл түрде жүзеге асырылған болатын

1995 жылғы Конституцияда Қазақстан өзін ең бағалы болып адам өмірі, құқығы және бостандығы саналатын демократиясы бар біртұтас және әлеуметтік мемлекет болып бекітілді. Мемлекеттік биліктің қайнар көзі халық болып табылады. Қазақстан Республикасында жеке меншік қорғалады. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес президенттік билікке өту жүзеге асырылған. Демократия бағытында саяси тұрақтылық қамтамасыз етілді, көпұлттылық мақұлданып, елде бірнеше конфессиялардың құқықтары есепке алынды.

Республикада мемлекеттік билік біртұтас, оның бөлінуі заң шығаратын, атқару және соттық тармақтары белгіленді. ҚР-ның орталық институты президент болып табылады. Конституцияның 40-бабына сәйкес президент мемлекет басымен және ең жақсы лауазымды, мемлекет саясаткеріне ішкі және сыртқы істердің бәрін анықтаушы болып табылады, ол сонымен қатар төрелік қызметті жүзеге асырып, мемлекеттік өкімет барлық тармақтарының қызметін үйлестіреді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілін қамтамасыз етеді.

Елімізде кәсіби парламент тұңғыш рет 1994 жылы 7-наурызда сайланған. Бірақ 1995 жылғы наурызда Конституциялық Сот оны заңсыз деп, таратып жіберді. 1995 жылы жаңа Конституция бойынша екі палаталы парламент өмірге келді. Жоғарғы палата (Сенат) 47 депутаттан тұрады, оның 7 сенаторын Президент тағайындайды. Төменгі палата (Мәжіліс) 67 депутаттан тұрады. 1999 жылы Жаңа парламенттік сайлау болды. Парламент мүшелерінің бір бөлігі партиялық тізім бойынша сайланды. Екі палаталы парламент заң шығаратын қызметті жүзеге асырып отыр. Ол заңдарды шығарады, конституцияға өзгертулер және қосымшаларды енгізеді, республикалық қаражатты бекітіп және оның жұмсалуды бақылайды, соғыс сұрақтарын шешіп отырады.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтауда ҚР саяси жүйесінде Президенттің басты рөлі белгіленіп отыр, оның жыл сайынғы халыққа деген жолдауы соның айғағы, ол жолдауларда мемлекеттік биліктің барлық жұмыстары қамтылады. Президент халыққа жыл сайынғы жолдаулары арқылы тұрақты өкілеттіктер арқылы премьер-министр бекітуі (парламент келісуімен), сыртқы істер министрлерінің, сонымен қатар бас прокурорды және ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасын (сенат келісуімен), ұлттық банкі төрағасын (парламент келісуімен), облыстардың және астананың әкімдерін тағайындайды.

Парламент президентті мемлекетке опасыздық жасағаны үшін орнынан құлатуға және үкіметке сенім білдірмеуге құқылы. Үкімет ҚР президентінің алдында жауапты, парламентке өз қызмет бағдарламасымен бөлісуге міндетті. ҚР конституциясы конституциялық кеңестің мекемесін алдын ала ескеріп, уәкіл

етілгенді президент таңдауынан өткізу дұрыстығы туралы мәселені шешумен, парламенттің және республикалық референдум өткізулері, парламентпен қабылданған заңдарды анықтап қарауға, конституция нормаларын ресми түсіндіруіне құқылы. Конституцияда Президенттікке және Парламент депутаттарына үміткерлер үшін жас шегі және сол лауазымда болу мерзімінің шегі белгіленген. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумасынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда кемінде 15 жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады. Мәжіліс депутаты болып 25 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады. Сенат депутаты болып азаматтықта кемінде 5 жыл тұрған, 30 жасқа толған, жоғары білімі және кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілі бар, Республикада кем дегенде 3 жыл тұрақты тұратын азамат сайлана алады. Мәслихат депутаты болып ҚР-ның 20-ға толған азаматы сайлана алады.

ҚР екінші конституциясын қабылдағалы он бес жыл өткеннен кейін, Қазақстанның саяси жүйесінің, сонымен қатар, президенттік басқару түрлері транзиттік дәуірдің негізгі проблемаларының шешімінде – демократиялық экономикалық және саяси реформалардың жүзеге асыруының нәтижелілігін растады. Қысқа мерзімде экономикалық дамудың ең биік екіпіндеріне қол жеткен нарықтық экономикаға мақсатты және салыстырмалы нәтижеге жету жүзеге асырылған. Президенттік билік елде тұрақтылықтың сақталуына жағдай жасады. Жұмыс істейтін конституцияның демократиялық потенциалы үлкен және ол толыққанды болып табылады.

Елдің саяси жүйесін әрі қарай демократияландыру, 2007 жылы құрылған реформада жақсы қарастырылған. 1995 жылғы ҚР конституциясына өзгертулер және қосымшалар екі рет енгізілген болатын (1998 ж. және 2007 ж.). Дәлірек айтқанда 45 пен 98 бабы өзгертілді. "Қазақстан Республикасының конституциясына қосымшалар және өзгерістер енгізу туралы" заң демократиялық дамудың жаңа кезеңі және тәуелсіз Қазақстанның саяси жаңаруларына жол ашты. 2007-жылы мемлекет түрі президенттік республикадан президенттік-парламентікке өзгеруі басталған болатын. 2007 ж конституциялық реформаның негізгі нәтижелері төмендегідей:

1) ҚР Парламенті Мәжілісінің Заң шығарушы органның қызметі қарастырылды.

2) Парламенттің статусын нығайту. Бұл өзгерістер белгілі бір шарттылықтар негізінде мемлекет формасының кейінгі эволюциясы үшін өте маңызы болып табылады. Сенаттың депутаттық корпусы президенттік квота есебінен өсті (7-ден 15 депутатқа дейін). Бұл квотаға Қазақстан Халықтары ассамблеясының келісімімен ұсынылған депутаттар енеді.

Қазақстан парламенті мәжілісіндегі депутаттар үлесі (67 депутатқа 1998 жылы саяси партиялар тарапынан 10 орын қосылған) 107-ге өсті. 98 Мәжіліс

депутаттары саяси партиялар тарапынан сайланып жатыр, ал 9 депутатты мажоритарлы негізде сайланған Қазақстан Халықтары ассамблеясы ұсынады. 2007 ж реформа бойынша ҚР парламентінде депутаттар санының жалпы артуы 38 адамға жетті, барлық депутаттар корпусы 154 адамды құрайды.

3 Өкіметтің орындаушы тармағының қалыптасу тәртібі өзгеріске ұшырады. Реформадан кейін Әкімдер билігі біраз шектелді, жергілікті билік органдарының қызметіне өзгерістер енгізілді.

4 Президенттің билігі мен статусы нығайды, әсіресе Республиканың Бірінші президентінің. Президент әкімшілігінің статусы күшіне енді.

5 ҚР Конституциялық Кеңесінің қызметі нығайды.

6 ҚР Парламентінің Сенаты Парламент қызметін атқара алады.

7 Кейбір құқықтық жүйе элементтері даму сатысына көтерілді. Адам құқығы мен бостандығының қорғалуын қамтамасыз етілді.

Бұл өзгерістер қажетті шарттылықтардың деңгейі мен сұранысына орай жүзеге асырылады.

## **5 Дәріс №5. Саяси партиялар және партиялық жүйелер мен қоғамдық саяси қозғалыстар мен ұйымдар**

5.1 Саяси партия және партиялық жүйелер: ұғымы, қызметі, типологиясы.

5.2 Қазақстандағы саяси партиялар.

5.3 Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қоғамдағы орны мен рөлі.

Дәріс мақсаты: Қазіргі саяси жүйеде саяси партияның орнын және рөлін ашу, олардың генезисімен студенттерді таныстыру, сонымен қатар партиялардың типологиялық проблемасын және партиялық жүйелердің ерекшеліктерін айқындау, қазіргі Қазақстандағы көппартиялықтың қалыптасуымен және қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қоғамдағы орны мен рөлін айқындап, таныстыру.

Мазмұны: Партияның ұғымы қарастырылады, саяси жүйе субъектісіне анықтама беріледі, партияның негізгі белгілері мен қызметі сипатталады. Одан әрі саяси партияның генезисі мен типологиясы туралы айтылады, ҚР-дағы партиялық жүйелер сипатталады. Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қоғамдағы рөлі қарастырылады.

5.1 Саяси процестің өте маңызды субъектісі болып мемлекетпен бірге саяси партия да кіреді. «Партия» сөзі латын сөзінен алғанда «партия» partis – бөлім, топ – дегенді білдіреді. Қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Макс Вебер саяси партиялардың дамуында мынадай кезеңдерді атап көрсетті:

- аристократиялық үйірмелер;
- саяси клубтар;

- көпшілік партиялар.

Партия деп мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағын айтады. Саяси партия түсінігінің маңызды әртүрлі жақтарын ерекшелеуге болады. Жалпы айтатын болсақ: саяси партия – бұл ұйым, адамдардың белгілі бір ерікті идеологиялық одағы, жаулап алуға бағытталған немесе өздерінің саяси бағдарламалары арқылы белгілі бір топ құру арқылы өкіметпен бір деңгейде әлеуметтік база құрады. Саяси партияның негізгі төрт белгісін анықтауға болады:

- 1) Партия идеологияны тасымалдаушы немесе әлем мен адамның көрінісі.
- 2) Партия – бұл ұйым, адамдардың ұзақ бірлестікте болуы.
- 3) Партия мақсаты – жаулап алу және өкіметтегі билікті жүзеге асыруы.
- 4) Әрбір партия өзіне халықтың сайлаған дауыстары арқылы қолдау алады.

Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген белгілері мен өлшемдері бар. Мысалы, институционалдық тәсіл партияларды топтастырғанда ұйымдастыру ерекшелігін басшылыққа алады, либералдық дәстүр идеологиялық байланыстардың сипатына басты назар аударады, марксистер болса таптық белгілеріне айрықша мән береді. Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төртке бөледі: авангардтық партиялар, сайлаушылар партиясы, парламенттік партиялар, қауымдастық партиясы.

Саяси идеологиясына қарай партияларды 5 түрге жүйелеуге болады:

- коммунистік партиялар мен солшыл радикалды бағыттағы партиялар;
- социал-демократиялық (немесе социалистік, лейбористік) партиялар;
- буржуазиялық-демократиялық партиялар;
- консервативтік партиялар;
- фашистік партиялар.

Партиялар жиылып, партиялық жүйені құрады. Сондықтан оларды жіктеудің мәні зор. Партиялық жүйе деп мемлекеттік мекемелерді қалыптастыруға шынымен мүмкіндігі бар, елдің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын саяси партиялар жиынтығын айтады. Билік үшін күреске қатысып жүрген саяси партиялардың саны жағынан олар көппартиялық, екі партиялық (бипартизм) және бірпартиялық болып топтастырылады.

Көппартиялық деп мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әртүрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрін айтады. Онда үш және одан артық партия қатысады. Бұл – адамзаттың қоғамдық басқаруда ойлап тапқан өркениетті түрі. Қазіргі таңда көппартиялық саяси өмірдің тәуір жетілген түрінің бірі болып табылады. Ондайларға Австрия, Бельгия, Дания, Нидерландыдағы көппартиялықты жатқызуға болады.

Екіпартиялық жүйеде (бипартизм) басқа да кішігірім партиялар болуы мүмкін, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партияның арасында жүреді. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде екі партияның бірі

өзінен-өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды қамтамасыз етеді. Бұған мысал ретінде АҚШ-тағы республикалық және демократиялық, Ұлыбританияда – консерваторлар мен лейбористер, Германияда – христиандық демократтар мен социал-демократтар жатады. Саяси күреске басқа да партиялар араласады. Бірақ олар шешуші рөл атқара алмайды.

Бірпартиялық жүйеде өзінен басқа бәсекелес партиялар болмайды. Ол авторитарлық және тоталитарлық қоғамға тән деп сипатталады. Тоталитаризм шарттарында басқарушы партия сол елде бұқаралық партия, мемлекеттік құрылымға айналып этатистикалық партияға айналады («этатизм» (фр.) - мемлекет). Бір партиялы жүйеге бүгінгі таңда Қытайда, КХДР-да және Кубада бар.

Саяси партиялардың жұмысы әдетте құқықпен немесе Конституциямен реттеледі. Себебі, олардың жұмысы саяси жүйенің принциптері мен мақсаттарына қайшы келмеуі керек. Оларға жататындар: қоғамдық өмірде партияның орнын конституциялық жолмен рұқсат ету; саяси жүйеде партияның жұмыс істеу жағдайын белгілеу; сайлау жүйесінің жұмысына партиялардың қатысуы; мемлекеттік өкімет органдарында партиялардың өкілдік ету тәсілдері; мемлекеттік бюджеттен партиялардың қызметін қаржыландыру.

5.2 Қазақстанда 1905 жылы желтоқсан айында Орал қаласында А. Бөкейхановтың бастауымен «делегаттар съезі» шақырылды. Онда кадет партиясының бөлімі құрылып, сол партияның бағдарламасын қабылдады. Алайда бұл ұмтылыс еліміздің маңызды мәселелерін шеше алмады. Осының бәрі А. Бөкейхановты «Алаш» партиясын құруға мәжбүр етті. 1917 жылы 21 қазанда «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы басылып шықты. 1917 жылы желтоқсан айының бас кезінде Орынборда екінші жалпықазақтың съезі шақырылды. Онда Алашорда үкіметі құрылды. Басшысы болып А. Бөкейханов сайланды. Бірақ ол үкіметтің өмірі қысқа болды. 1918 жылы қарашада Алашорда үкіметі кеңестік әскерлердің күшімен талқандалды. «Алаш» партиясының басшылары мен мүшелері реперессияға ұшырады. Алайда осы партияның іс-әрекеті кейінгі кезеңдегі партияларға бірден-бір үлгі көрсетерлік дәрежеге көтерілді. Қазақстан тарихында шұғыл бетбұрыс болып, өшпес із қалдырған Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Бұл көтеріліс азаттық жолындағы күреске, жаңа саяси ұйымдар мен қозғалыстардың пайда болуына түрткі болды.

Еліміздегі алғашқы қоғамдық-саяси құрылымдар Коммунистік партияға оппозиция ретінде пайда болды. Кейінірек тәуелсіздікті алып, жаңа конституцияға дайындыққа байланысты саяси күрестің басты мәселесі болып азаматтық, мемлекеттік тіл жердің жеке меншікке сатылуы және т.б. қойылды.

2002 жылы шілдеде “саяси партиялар туралы” заң қабылданды және 2008 жылы қарашада айтылған құжатқа түзетулер енгізіліп, бұл ҚР-дағы көптеген саяси партиялары статусын өзгертті. Осы заңға сәйкес әділет министрлігінің

бекітуі бойынша партия 40 мыңнан артық емес мүшеден тұруы тиісті, ал әрбір аймақтың партиялық ұйымдарында 700 өкілден аз болмауы тиіс. Кәсіпшілік, нәсілдік, діни белгілеріне байланысты саяси партия құруға рұқсат етілмейді, сонымен қатар басқа мемлекеттердегі саяси партиялардың Қазақстанда қызмет жасауына тыйым салынған.

Елімізде партиялық қатынастардың белсенділігі байқалып жатыр, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық сфераларда саяси ұйымдардың маңыздылығы өсіп отыр. Мысалы, «Нұр Отан» саяси партиясының ең басты мақсаты қоғамның саяси өміріне белсенділікпен қатынасу, қоғамның саяси және экономикалық реформаларының жүзеге асуына көмектесу, азаматтардың саяси деңгейінің өсуін қамтамасыз ету, елдегі тұрақтылықтың сақталуын қуаттау, ұлтаралық келісімді нығайту.

Бүгінгі күн ҚР-да 8 саяси партия тіркелген, атап айтқанда: «Нұр Отан» партиясы, Қазақстан Коммунистік халық партиясы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы, «Бірлік» саяси партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы «Азат» партиясы, Қазақстан патриоттар партиясы. Республикадағы барлық партиялар өздерінің бағдарламаларында демократиялық құндылықтарды жақтайтындығын, нарықтық экономикаға тырысатындығын білдіріп, Қазақстанда азаматтық келісім мен тұрақтылық болғанын қалайды. Партиялардың саны үнемі өсуде. Бірақ көппартиялықтың қалыптасу процесі ақырын және күрделі өтуде. Күрделілігі сол көптеген партиялар саяси процеске шын мәнінде тығыз араласпайды, қоғаммен дамыған байланыс жүйесі жоқ. Партиялар арасында әдеттегідей өркениетті қатынастар мен байланыстар орнамаған. Көптеген партиялардың өз мақсат, бағдарламаларын насихаттап, үгіт жүргізерлік мүмкіндіктері аз. Олардың баспалары, радио, теледидарларда каналдары не мерзімді уақыттары жоқ.

Қазақстандағы көппартиялықтың бұдан әрі даму бағыты қандай болмақ деген сұрақ тууы мүмкін. Топтық мүдделердің жіктелуіне қарай бағыт-бағдары жақын партиялар бір-біріне жақындай түсуі, жинақталуы, жаңа партиялардың дүниеге келуі, кейбіреуінің саяси сахнадан кетуі мүмкін. Болашақ партиялар көбіне жан-жақтылық сипат алатындай сыңайы бар. Қазіргі қоғам өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатарлы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партиялар бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады. Барлық қадамдар елдің саяси жаңартылуы және Қазақстанның онанары демократияландырылуы үшін жүзеге асырылып жатыр, мемлекеттік тұрақтылықтың сақталуы үшін барлық шаралар жасалуда. Азаматтық қоғамға жылжудың жаңа кезеңіне арнайы мемлекеттік шарттар жасалып жатыр, саяси жүйеде халық көпшіліктерінің көзқарастары қорғалатын маңызды құрылғылар ойластырылуда.

2016 жылы 20 наурызда өткен ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы және Мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауына 6 саяси партия қатысты. Олар: «Нұр Отан» партиясы, Қазақстан Коммунистік халық партиясы, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы, «Бірлік» саяси партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы және «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы. Сайлау қорытындысы бойынша, партиялардың үшеуі ғана жеңіске жетті. Олар: сайлаушылардың 82,15 % даусын жинаған «Нұр Отан» партиясы айқын басымдықта жеңіске жетті. Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы 7,18 % дауысқа ие болса, Қазақстан Коммунистік халық партиясы 7,14 % дауыс жинады. Мәжілістегі орындарға таласқан қалған үш партияның көрсеткіштері мынадай: «Бірлік» саяси партиясы- 0,29 %, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы - 1,18% және «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы - 2% ғана дауыс жинады.

5.3 Қоғамның қоғамдық-саяси өмірінде саяси партиялармен қатар қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар да елеулі рөл атқарады. Партияларға қарағанда олар билікті іске асыруға тікелей қатысуға ұмтылмайды және бұған байланысты міндеттерді өзіне алмайды. Алайда, өзінің ерекше міндеттері мен функцияларын жүзеге асыра отырып, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар үлкен қоғамдық мәні бар мәселелерді шешеді, мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылысқа қомақты үлес қосады.

Қоғамдық ұйым – бұл біршама тұрақты және төменнен жоғары қарай ұйымдасқан ішкі құрылымы бар, билікке ықпал етуші жеке дара және ұжымдық мүшелігі қалыптасқан, мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған азаматтардың ерікті, мемлекеттік емес, партиялық емес бірлестігі. Қоғамдық ұйымдарға кәсіптік одақтарды, кәсіпкерлер одағын, кооперативтік ұйымдарды, жастар, әйелдер, ардагерлер ұйымдарын, шығармашылық (жазушылар, сазгерлер, театр қайраткерлері және т.б.) одақтарды, әртүрлі ерікті (ғылыми, техникалық, мәдени-ағартушылық) қоғамдарды жатқызуға болады. Олардың қызметінің аумақтық шеңбері есепке алына отырып жергілікті, аймақтық, жалпы мемлекеттік, халықаралық қоғамдық ұйымдар болып бөлінеді.

Қоғамдық қозғалыс деп белгілі бір қоғамдық мақсаттарды көздейтін, бірақ айқын ұйымдық құрылымы мен белгіленген мүшелері жоқ, азаматтардың бірлескен қызметін атайды. Қоғамдық қозғалыстар көпшілікке арналуымен, үлкен әлеуметтік негіздерімен, ұйымдық және идеялық формасыздығымен, құрамы мен бағдарының тұрақсыздығымен, көбіне стихиялығымен және әрекеттерінің шашыраңқылығымен көзге түседі. Қоғамдық қозғалыстар ядролық соғыс қаупін болдырмау, халықтардың экономикалық, мәдени және саяси қарым-қатынастарын дамыту, экологиялық апаттың алдын-алу, мәдени мұраны сақтау және т.б. әртүрлі әлеуметтік-саяси мақсаттарды көздейтінін айта кету қажет.

Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар өзінше мүдделі топтар мен қысым-топтары ретінде алға шығады. Мүдде топтары немесе мүдделі топтардың тұжырымдамасын А.Бентли, Д.Трумэн жасады. А.Бентлидің пікіріне сәйкес, саясат дегеніміз – белгілі бір топтарға ұйымдасқан адамдардың өздерінің мақсаттары мен мүдделеріне жету үшін өзара әрекеті мен күрес процесі. Мүдделі топтар – бұлар ерікті ұйымдар, олар оған кіретін адамдардың басқа да топтармен және саяси институттармен, сондай-ақ ұйымдардың өз ішіндегі өзара қарым-қатынастарындағы мүдделерін білдіру үшін және ұсыну үшін құрылады.

Топтардың бәсекелестігінде ұйымдасқан мүдделердің едәуір бөлігі азаматтық қоғам жолымен қанағаттанады. Бірақ бірқатар жағдайларда топ мүшелерінің ұжымдық қажеттіліктерін іске асыру биліктің шешімдерін талап етеді. Егер мүдделі топ жеке мүдделерін жария биліктің институттарына мақсатты түрде ықпал ету жолымен қанағаттандыруға қол жеткізетін болса, онда ол қысым тобы ретінде сипатталады. «Қысым тобы» деген ұғым азаматтық қоғамда туындайтын әлеуметтік-топтық мүдделердің саяси факторға айналу қарқынын ашып көрсетеді. Қысым топтарының қызметінің тиімділігі көбіне олар тартатын ресурстарға (меншік, ақпарат, мамандық және тәжірибе, мәдени ықпал, этникалық және діни байланыстар және т.б.) қатысты болады. Кәсіптік одақтар, кәсіпкерлер ассоциациялары, кооператорлар, тұтынушылар одақтары, ерікті қоғамдар және басқа да қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялардан басқа) мүдделі топтың түрлері болып саналады.

Саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі өркениетті, азаматтық қоғамның қалыптасуының, саяси жүйенің демократиялануының, өзін-өзі басқаруды дамытудың шынайы көрсеткіші болып табылады. Олардың жұмысы нәтижелі болған сайын өркениетті, азаматтық қоғам да кемелденіп, беки түседі.

## **6 Дәріс №6. Сайлау және сайлау жүйелері: саяси технологиялардың маңызды түрі ретінде**

6.1 Саяси технология түсінігі мен түрлері.

6.2 Сайлау жүйесі және сайлау кампаниясы.

Дәріс мақсаты: «Саяси технологияның» мәні мен оның маңызды түрлеріне түсінік беру. Сайлау кампаниясының қызметін сипаттап, сайлау жүйесінің кең таралған түрлерін талдау. Сайлаудың қоғам өміріндегі алатын орны мен рөлін ашу.

Мазмұны: саяси технологияның мән мағынасына анықтама берілді. Саяси технология түрлерінің жүзеге асырылу жолдары сипатталды. Сайлау кампаниясының сайлауды ұйымдастыру үрдісі талданды. Сайлау жүйесі мен



азаматтардың мемлекеттің өкілеттілік органдарына сайлау және сайлану құқықтары қарастырылды.

6.1 Саяси технологиялар саяси жобалаумен – билік институтының іс жүзіндегі қызметін ұйымдастыру әрекетімен, оны жорамалдаумен, жоспарлаумен, бағдарлама жасаумен айналысады. Саяси технологиялардың көмегімен биліктің мағынасы мен мәнін айқындауға болады. Саяси технологиялар саяси оқиғаларды айқындау проблемасын жаңаша қояды, саяси құбылыстарды реттеу, бақылау жөніндегі мамандандырылған қызмет үшін негіз қалайды. Саяси процестерді түсінудің айрықша ресурсын жасай отырып, саяси технологиялар бұл құбылыстың мәні қайсыбір міндеттерді шешудің қолданылып отырған әдістеріне тікелей байланысты екендігін көрсетіп беріп отыр. «Саяси технологиялар» түсінігі – мақсаттылықтың, бір ізділіктің, қажетті, ойластырылған саяси нәтижелерге негізделген белгілі тиімді іс-әрекеттердің жүйесі болып табылады. «Саяси технологиялар» бір жердің шеңберінен аспайтын, тез арада жүзеге асырылатын қысқа мерзімдік нәтижелерге (тактикалық) жетумен бірге, ұзақ мерзімге есептелген тиімділікке стратегиялық қол жеткізуді де қамтиды. Қандай да бір саяси технологияларды пайдалану, саяси басқарудың тиімділігін, саяси процестерді реттеуді, саяси жүйелер мен барлық саяси кеңістіктің тұрақтылығын айқындайды. Саяси технологиялар көп ретте қоғамдық дамудың түріне, режимнің сипатына қарай анықталады. Саяси технологиялар субъектісі – саяси институттар (мемлекеттік ұйымдар, саяси партиялар, қоғамдық-саяси бірлестіктер), этникалық және әлеуметтік ортақтықтар, саяси өнімді өндіру, тарату, алға басу және айырбастау процесіне қатысушы жеке тұлға. Саяси технологияның сан-алуан түрлері бар. Олардың маңыздылары: саяси маркетинг, саяси жарнама және қоғаммен байланыс (пиар технологиялар) орнату. Саяси маркетинг (ағылшынның market – базар, нарық деген сөзінен) – саяси партиялардың, саяси лидерлердің өкілетті билік органдарына, депутаттыққа кандидаттардың және басқа да билік құрылымындағы адамдардың сайлаудағы жеңісін қамтамасыз ету мақсатында қолайлы имиджін жасауға бағытталған шаралар комплексін құрайды. Саяси маркетинг келесі элементтерден тұрады: саяси жағдайды реттеу; саяси конъюнктура туралы ақпарат жинау; субъектілердің шынайы мүмкіндіктерін есепке ала отырып саяси акцияларды жоспарлау.

Саяси жарнама саяси имиджді қалыптастырудың маңызды тәсілі мен дербес бағыты. Саяси имиджды жасау төмендегідей схема бойынша жүзеге асырылады:

- бұқаралық ақпарат құралдары саясаткерге сайлаушылардың эмоциясын шағымдандыру арқылы қолайлы образ қалыптастырады;
- жүйелі сұраулар кандидаттың танымалдық деңгейін, оның ерекшеліктері мен саяси позицияларын анықтауға мүмкіншілік береді;

- ерекшеліктер және саяси позициялардың негізінде имидждың қажетті түзетулер мен кандидаттың жекеленген байланысы бойынша ұсыныс береді.

Пиар технологиялар PR-технологиялар (ағылшынның PR, public relation-жұртшылықпен қоғаммен байланыс деген сөзі) деп ұйым мен қоғамның арасындағы өзара түсіністік пен өзара байланысты орнатып, тұрақтылығын сақтап отыруға, қоғамдық пікірді зерттеуге, оның даму ерекшеліктерін болжап, басшылыққа уақыт талабына сай болуға және ұйымның оның қызметінің, даму бағытының жағымды бейнесін қалыптастыруға бағытталған басқарудың ерекше қызметі түсініледі.

PR- кампанияны жүргізудің стратегиясына:

- міндетті қою және талдау;
- жалпы бағдарламаны және тұжырымдаманы жасау;
- алға қойылған мақсаттарға жету жолында коммуникативті байланыстар орнату;
- кері байланысты қамтамасыз ету, нәтижелерді қорытындылау және түзетулер енгізу.

Саяси технологиялардың мазмұнына кіретін саяси кеңес беру мен саяси болжау жасаудың да маңыздылығы бар

Саяси кеңес беру саяси қызмет көрсетудің бір түрі. Сондықтан оның сипаты тапсырыс берушіден анықталады. Саяси кеңес беру технологиялық тұрғыдан алатын болсақ, ол саясаткер қызметін жоспарлаудан, стратегиялық мақсаттарды, оларды жүзеге асыру құралдарын анықтаудан, жақтастары мен қарсыластарына қатысты мінез-құлық линиясы мен тактикасын қалыптастырудан, жұмыс жасау әдістерін, оң имиджін жасауға және БАҚ арқылы көрсетуден тұрады.

Саяси болжау (грек тілінде prognosis- алдын-ала көру) – саяси құбылыстардың даму болашағын анықтау мақсатында құбылыстар мен саяси үрдістерді ғылыми зерттеу. Бұл зерттеулер саяси талдау әдістемесіне негізделеді. Саяси болжаудың негізгі мәселесі зерттеушінің саяси даму мүмкіндігін алдын ала болжау және көре алу. Саяси болжаудың ерекшеліктері аналитиктерді зерттеу әдістемесін кеңейтуге тырысады. Яғни дәстүрлі емес әдістерді, интуицияны, саяси мінез-құлықтың жеке және ұжымдық тәжірибесін қолданулары керек. Бұл жағдайда саяси болжау қажетті өзгерістерге қол жеткізу мақсатында саяси шындыққа арнайы ықпал ету әдістемесіне айналады.

6.2 Сайлау мақсаты мен нәтижесі белгілі бір уақытқа басқару және шешім қабылдау функцияларын жүзеге асыратын адамдарды сайлау жолындағы іс-әрекеттердің жиынтығы. Сайлау басқарушы элита құрамына кандидатты жай іріктеу ғана емес, өте маңызды даму жолын анықтайтын саяси үрдіс болып табылады. Сайлау және сайлану құқы мемлекеттің өкілеттілік органдарына азаматтардың сайлау және сайлану құқықтары. Ол адам құқықтарының жалпы декларациясынан туындайды. Осыған байланысты әр елдің конституциясы

бойынша 18 жасқа толған кез келген азамат (заңмен шектелген жағдайлардан басқа) сайлауға қатыса алады. Қазақстан азаматтарының сайлау құқы конституциямен, «Сайлау туралы» конституциялық заңмен қамтамасыз етіледі. Қазақстан азаматтары тегін, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне қарамастан сайлауда дауыс беруге құқығы бар. Жасы он сегізге толған әрбір азамат Республика Президентін, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының сайлауға қатысу құқығымен қатар сайлану, яғни өз кандидатурасын республика Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат ретінде ұсынуға құқылы.

Бүгінде сайлау жүйесінің сан алуан түрі қалыптасып отыр. Едәуір кең тараған түрлері: мажоритарлық жүйе және пропорционалдық жүйе.

Мажоритарлық жүйеде (М) үміткер жеңіске жету үшін сайлаушылардың 50 пайыз дауысын жинауы керек. Мажоритарлық жүйенің екі түрі бар: дауыс берудің екі түр арқылы өтуі және балама дауыспен өту.

Пропорционалдық жүйе (Пр) парламенттік сайлауда кеңінен қолданылып жүрген сайлау жүйесі. Пропорционалдық жүйенің мәні дауыстардың бөлінуіне сәйкес орындарды бөлу болып табылады.

Сайлау кампаниясы - үкімет басқару органдарына және т.б. сайлау сияқты арнайы қоғамдық саяси мәселелерді шешу үшін ұйымдастырылған, яғни сайлауды өткізу немесе сайлауды ұйымдастыру барысындағы науқан: партиялар, сайлау бірлестіктері немесе үміткерлермен және оның командасымен сайлау алдына қойған мақсатқа жету мақсатында жүзеге асыруға ұмтылған әрекеттер жиынтығы. Сайлау кампаниясы саяси басқарудың ерекше түрі. Мұнда басқару субъектісі – үміткердің басшылығындағы команда, ал объекті - сайлаушылар. Басқару мақсаты үміткердің алдына қойған міндеттерімен анықталады. Сайлаудың ресми уақыты жарияланғаннан кейін сайлау кампаниясы басталады. Сайлау кампаниясын жүзеге асыру үшін арнайы штаб құрылып, оған кәсіби мамандар кіреді: қаржылық агент; саяси ұйымдастырушы; техникалық хатшы; арнайы көмекші; қоғамдық пікірді зерттеуші кеңесші; бас кеңесші; бойынша кеңесші; пошта арқылы мәлімет жинайтын кеңесші жалданады.

Сайлау технологияларының негізгі ерекшелігі – сайлаушылардың мінез-құлқын реттеуші әлеуметтік-психологиялық тетіктерді қосуға бағытталуы. Сондай-ақ, сайлау кампаниясын ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз етудің бірінші бағыты: сайлау алдындығы округтегі жағдайды жан-жақты талдау. Бұл міндетке сайлау алдынан 3 немесе 6 ай бұрын кіріседі. Жиналған ақпараттар талданып, соның негізінде сайлау кампаниясының стратегиясын дайындауға қажетті нақты

ұсыныстар дайындалады. Екінші бағыты: басталған сайлау кампаниясын ақпараттық-аналитикалық қолдаумен қамтамасыз ету. Мұнда сайлау кампаниясын ұйымдастырушылар мен сайлаушылар арасындағы тұрақты кері байланысты қалыптастыру маңызды. Тиімді кері байланыс басқару субъектісіне өзінің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік береді.

## **7 Дәріс №7. Саяси мәдениет және саяси идеология**

7.1 Саяси мәдениет түсінігі және оның типтері мен қызметі.

7.2 Саяси идеология және оның қоғамдағы рөлі.

Дәріс мақсаты: «Саяси мәдениет» ұғымының мәні мен мағынасын түсіндіру және оның саяси жүйе қызметіндегі маңызы жөнінде түсінік беру, сондай-ақ, студенттерге идеологияның қоғам және адам өміріндегі рөлін ашу.

Мазмұны: саяси мәдениет (СМ) саяси жүйе элементі ретінде қарастырылады, саясат субъектісін сипаттап, оның саяси белсенділігі мен жетілуі, құнды бағыттары мен қондырылуы, олардың жалпы алғанда саяси процестерде шынайы түрде жүргізілуі қарастырылады. Идеологияның негізгі қызметі мен типтерінің сипаттамалары қарастырылады.

7.1 Саяси мәдениет (СМ), ерекше категория түрінде өткен ғасырдың 50-жылдарында зерттелді. Саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады. СМ төңірегіндегі сұрақ жалпы алғанда төмендегідей болады: неге әртүрлі елдерде барлық демократиялық саяси процестер – таңдаулар, өкіметтерді алмастыру, демократияның жұмыс жасауы және т.б. түрліше іске асырылып жатыр? Неге бір елдегі саяси даулар, ережелер, жан-жақты талқылаулар және қабылдауға болатын мәліметтер экстремистік қозғалыстармен жүзеге асады? Саясаттанушылар мынандай шешім қабылдауды ұйғарды: демократияның жалпы принциптерінен басқа заңдардың, лайықты құжаттарда жазылған нәтижелердің, нақты саяси процеске қабілетті әсерін қадағалауды ұйғарды. СМ ұстанушы адамдар, әлеуметтік топтар, партиялар, саяси қозғалыстар қоғамның жоғарғы деңгейге қол жеткізуіне алғышарттылықтар туғызады.

СМ дегеніміз азаматтардың саяси белсенділігі, оның жетілуі, көңіл-күйі, позициялары және барлық ақпараттан хабардар болуы. СМ – адам қызметінің, әлеуметтік топтың, саяси ержетудің қол жеткізген саяси деңгейін анықтайды. СМ жоғары адам сана талабын, атап айтқанда оның құнды және дүниетанымдық бағдарларын тұрақты ұғынады. Бірақ СМ тек қана субъективті құнды бағдарлардың жиынтығы ғана емес, ол өзінді және басқа құрылымның элементінің мінез-құлқын ұғыну дегенді білдіреді. Саяси адамгершілікті тұлға пайдакүнемдікті жояды, саяси мінез-құлқты дұрыс жолға қояды. Сайып

келгенде СМ – білімдердің, дәстүрлердің және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы. Оның құрамына және құрылымына тұрақты құнды хабардар болулар түрінде құрылымды саяси сана элементтер субъектісі, саяси мінез-құлық элементтерін құрудың тұрақты үлгілері, сонымен қатар дәстүрлер мен нормалар, саяси шектеулердегі тәжірибелер кіреді.

Саяси мәдениет ерекшеліктері әртүрлі елдерде түрліше дамып отыр. Оның типологиясын америкалық зерттеуші Г. Алмонд пен С. Верба ұсынады. Олар оны үшке бөледі: патриархалды, әлсіз және белсенді. СМ-тің патриархалды түрі құрылмаған қоғамда немесе саяси жүйелер тек қана қалыптасып жатқан ортада болады. Сондай қоғам мүшелерінің саяси хабардар болулары – діни, әлеуметтік және экономикалық хабардар болулардан бөлінбейді. Дін мен қоғам бірге жүреді. Ондай қоғамға африкалық тайпалар, жергілікті автономиялық қауымдар жатады.

Әлсіз СМ үлгісі туралы айтсақ мұндай қоғамның саяси белсенділігіне көңілің толмайды, оның саяси қызметі әлсіз дәрежеде. СМ-тің бұл үлгісі феодалдық саяси жүйе шарттылығында құрылады. Бұл жерде қоғам мүшесі өзін азат, толық құқықты сезіне алмайды, ең алдымен, негізгі оның санасында бір-ақ нәрсе – біреуге бағыну мәселесі тұрады. Адам бостандығы ынталандырылмайды. Бұл ортада демократия жоқ.

СМ-тің белсенді үлгісі – бұл СМ-тің ең жақсы және ең дамыған түрі. Бұл жерде қоғам мүшелері позитивтік немесе негативтік бөлек элементтерге немесе бүтін жүйеге тәуелді емес, саяси жүйеде белсенді рөлге бейімделген. Бұл биік азаматтық рухтағы мәдениеттің көрінісі, әр азамат бостандықта, дербес күй кешеді. СМ-тің мұндай үлгісіне АҚШ пен Англия жатқызылады.

СМ-тің өзінің міндеттері мен қызметтері бар:

1) Танымдық қызметі – қоғам мен саясаттың дамуын айқындайтын заңдылықтар мен принциптерді танып-білуге, субъектіні саяси салада табысты жұмыс істеуге керекті біліммен, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру.

2) Реттеушілік қызметі – саяси жүйенің қалыпты жұмысын, дамуын, саналы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әлеуметтік-таптық, ұлттық қатынастарды реттеу.

3) Тәрбиелік қызметі – әркімді қоғамдық-саяси қызметке, әрекетке, саяси белсенділікке ынталандыру, табандылыққа, кеңшілікке, төзімділікке, қоғам алдында жауапкершілікке баулу.

4) Біріктірушілік қызметі – қазіргі өмір сүріп отырған саяси жүйені қолдау арқылы әлеуметтік топтар, таптарды біріктіру, бұқараны мемлекет пен қоғам жұмыстарын басқаруға жұмылдыру.

5) Қорғау қызметі – қоғамның қарыштап алға дамуына сәйкес келетін саяси құндылықтарды, қазыналарды сақтау.

б) Сабақтастық қызметі – саяси тәжірибені бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырып, саяси процестің тоқтаусыз ұласып дамуын қамтамасыз ететін тарихи сабақтастық.

Кеңестік қоғамда да СМ-ға өзінше мән берді. КСРО мемлекетінің 1977 жылғы конституциясы бойынша ол өзін ең жоғары дамыған, халықтық демократиясы бар ел деп атады, бірақ іс жүзінде олай болмады. Шын мәнінде қатты әкімшіл, бұйрық беретін жүйеге негізделген тоталитарлы мемлекет болды, саяси санасы жоғары, толық реттеуші көңіл-күйдегі азаматтардың саяси мінез-құлқы шектеулі болды. Бүгінгі күні бұрынғы кеңестік қоғамдарда, КСРО ыдырағаннан кейін бой көтерген елдер СМ-тің жаңа үлгісін қабылдап, демократияға ұмтылудың белсенді үлгісін көрсетіп отыр. ТМД мемлекеттерінің конституцияларында, соның ішінде Қазақстанда бас бостандығы, саяси плюрализм, заңға сүйенген мемлекет, өктемдіктің жойылуы сияқты мәселелер күн тәртібінде бірінші кезекке шығып отыр. Қоғамда саяси күрес дәстүрлері орнығып отыр. Саяси мәдениет құру процесі өте өзекті. Бұл жолда кедергілердің, қиындықтардың және проблемалардың саны аз емес. Азаматтар қоғамның дамуына мүдделес, демократияландыру жолдарын біріктіруге және бірігудің тиісті жағдайларын жасауда бар күшін жұмылдырып отыр. Саяси ағартудың мәртебесін көтеруде салмақты білім алу мен тәжірибе жинақтаудың маңызы зор.

7.2 «Идеология» термині пайда болған кезден бастап (оны алғаш француз философы Антуан Дестют де Трасси XVIII басында енгізген) ғылымда бірнеше көзқарастар қалыптасқан: бірде ол интеллектуалды жүйе ретінде қаралса, тағы бірінде қияли ойлау формасы деп қарастырылған. Яғни, бұл қоғамдық пікірлердің қарама-қайшылығы, «ерікті мистификация» жүйесі сияқты немесе ең басты құндылығы сақталған феномен тәрізді қарастырылуы болып табылады.

Идеология саяси санада маңызды және ерекше орын алады. Идеология саяси идеялардың, көзқарастардың, құндылықтардың және мақсаттардың жиынтығы ретінде, олардың жүйеге келтірілген түрі іспетті, индивидуалдық және қоғамдық сананың құрамды бөлігі болып табылады, онда саяси идеология түрінде көрінеді. Саяси идеология – бұл қайсыбір топтың билікке таласын немесе оны қолдануды негіздейтін және саяси әрекеттердің қайсыбір стратегиясын құрастыратын идеялардың, көзқарастардың, түсініктердің жүйесі. Жалпы саяси идеология мынандай негізгі құрылымдық элементтерден тұрады: біріншіден, бағдарламалық мақсаттар; екіншіден, бағдарламалық мақсаттарды жүзеге асыру стратегиясы; үшіншіден, насихат; төртіншіден, бағдарламаны іске асыру бойынша нақтылы әрекеттер. Анық топтық сипат алған саяси идеология жүргізілетін саяси бағыттардың жағымды бейнесін жасауы қажет, оның қайсыбір топтың, ұлттың, мемлекеттің мүддесіне сәйкестігін сақтауы тиіс. Осыған орай саяси идеологияның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады: қоғамдық сананы меңгеру; оған өзінің құнды бағалауларын, саяси дамудың мақсаттары мен идеалдарын енгізу; азаматтардың мінез-құлқын осы бағалаулар, мақсаттар

және идеалдар негізінде реттеу.

Саяси идеологиялардың типтері тарихи жағдайға байланысты пайда болды, қалыптасты және дамыды. Олар: либерализм, консерватизм, марксизм (социализм), социал-демократизм және т.б.

Либерализм идеологиясы тарихтағы тұңғыш саяси идеология болды. Оны негіздегендер – Дж.Локк, Т.Гоббс және А.Смит. Оның негізгі классикалық принциптері адам және азамат құқы Декларациясында (1789 ж.) жарияланды және Франция Конституциясында (1791 ж.) бекітілді. Либерализм өзінің көп қырлылығына қарамастан белгілі бір тұжырымдамалар, идеялар, принциптер және идеалдар кешенінен тұрады. Индивидуализм, гуманизм және рационализм либерализмнің дүниетанымдық негізі болып табылады. Либерализмнің негізгі ережесіне жататындар: жеке бас бостандығын әмбәбап құндылық деп санау; индивидтің өзін-өзі бағалай білу идеясы және оның өз әрекетіне жауапкершілігі; жеке меншікке индивидуальдық еркіндіктің қажетті шарты ретінде қарау; еркін нарық, бәсекелестік және кәсіпкерлік; парламенттік демократия және биліктің бөлінуі; құқықтық мемлекет; тұлғаның негізгі құқығы мен бостандығына кепілдік, жаппай сайлау құқығы; азаматтық қоғам салаларын дамыту.

XVIII ғасырдың соңына қарай консерватизм идеологиясы қалыптасты. Консерватизм идеологиясын негіздегендер ағылшын ойшылы Э.Берк, француздың қоғамдық қайраткерлері Ж. де Местор және Л. де Бональд болды. Бұл идеологияның дүниетанымдық негізі дәстүрлі моральмен және материалдық құндылықтарға («өмірлік бастаулар») арқа сүйейтін қоғамды органикалық және тұтас жүйе ретінде мойындауда жатыр. Консерватизмнің саяси бағдарламасы әлеуметтік-саяси өзгерістерді салттарға, ұлттық дәстүрлерге, орнығып қалған қоғамдық-саяси институттарға, елдің социомәдени ерекшеліктеріне бейімдеуге бағыт ұстайды. Онда мемлекет пен отбасын нығайтуға, қауымды сақтауға, шіркеудің ұстанымы мен рөліне, қоғам өмірінің рухани-адамгершілік аспектілеріне үлкен көңіл аударылған. Сонымен бірге қоғамдық тәртіптің заңдары мен ережелерін нығайтуға, патриотизм рухында азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған шаралардың да маңызы зор.

Марксизм (социализм) идеологиясының айтарлықтай тарихы бар. XIX ғасырдың ортасында Батыс Еуропада пайда болған маркстік (социалистік) идеология жетілмеген капиталистік қоғамның өткір таптық қарама-қайшылықтары жағдайында қалыптасты. Марксизмнің саяси бағдарламасы билік пен меншік қатынастарын революциялық жолмен өзгертуді талап етеді. Осы өзгертулерге коммунистік партияның жетекшілік жасауы қажеттігі жарияланған, кейін жалпы халықтық мемлекетке ұласатын, капитализмнен социализмге өтпелі кезеңде пролетариат диктатурасының мемлекетін құру идеясын ұсынады. Коммунистік идеалдың негізі болып жеке меншік пен таптық айырмашылықтарды жоюмен байланысқан адамдардың жаппай теңдігі,

мемлекеттің жойылуы және меншіктен, биліктен, мәдениет табыстарынан шеттетілуді жеңген «жаңа адамды» қалыптастыру болып саналады.

Дүниежүзінде социал-демократия идеологиясы кеңінен тарады. Э.Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899 ж.) еңбегінде социал-демократия идеологиясының теориялық негіздері қаланды. Онда ол капитализмнің өзін-өзі дамыту қабілеті туралы тезисті негіздеді. Э. Бернштейннің көптеген идеялары қазіргі социал-демократияның саяси доктринасына енді. Плюралистік дүниетанымға арқа сүйеіп (ерте марксизм, неокантшылдық, сыншыл рационализм және т.б.), қазіргі социал-демократия бостандықты, әділеттілікті және ынтымақтастықты орталық идеялар ретінде жариялаған. Оның саяси бағдарламасы қоғамдық реформалар жүргізу, әлеуметтік әріптестік, құқықтық мемлекет, әлеуметтік бағыт ұстаған аралас экономика, саяси плюрализм мен демократия талаптарын өзіне қосқан.

Сонымен, саяси идеология – бұл қоғамның саяси және әлеуметтік дамуына бірлескен көзғарастарына әсер ететін түрлі ұжымдық сана, сондықтан рухани экспанционизммен және белгілі бағамен өзгешеленеді. Саясат әлемінде идеология рөлі тарихи шарттарға, елдегі жағдайға, күштердің арақатынасына байланысты өзгеріп отырады. Идеология саясаттың ең негізгі компоненттерінің бірі, идеологиясыз ешбір қоғамдық-саяси әрекеттер де, партиялар да әрекет ете алмайды. Кез келген идеологияда өзіне ғана тән идея, құндылық, бағдарлама болады, ол өз кезегінде идеологиялық бір жақтылыққа алып әкеледі.

## **8 Дәріс №8. Әлемдік саясат және халықаралық қатынас**

8.1 Халықаралық қатынастар мен халықаралық саясат ұғымы.

8.2 Қазақстанның сыртқы саясатының бағыттары мен принциптері.

Дәрістің мақсаты: халықаралық қатынастар мен халықаралық саясаттың мәні мен маңыздылығын ашып көрсету және Қазақстанның геосаяси жағдайының ерекшелігін айқындау.

Мазмұны: халықаралық қатынас және халықаралық саясат ұғымы мен мағынасы анықталады. Халықаралық қатынас түрлері қарастырылады. ҚР-ның сыртқы саясаттағы ұстанған принциптері талданады, сонымен қатар оның қазіргі уақытта елімізде нәтижелі түрде жүзеге асырылып отырған маңызды бағыттары айқындалады.

8.1 Халықаралық қатынастар әртүрлі күштердің яғни, мемлекеттік, әскери, экономикалық, саяси, қоғамдық және интеллектуалдық т.б. күштер әртүрлі деңгейде (жаһандық, аймақтық, көп жақты және екіжақты) түйісетін және өзара әрекет ететін кеңістік болып табылады. Көбіне халықаралық қатынастардың мәнінің ерекшеліктерін анықтау барысында ғалымдар оның қатысушыларын бөліп көрсетуге тырысады. Олардың қатарында ең алдымен саяси, яғни,



адамдардың мемлекеттік ұйымдасқан қауымдастығын атайды. Айталық, Р.Аронның көзқарасы тұрғысынан алғанда, көбіне, мемлекеттердің арасындағы қатынастар халықаралық қатынастардың мазмұны болып табылады, оның даусыз мысалы мемлекетаралық келісімдер болып табылады. Өз кезегінде, мемлекетаралық қатынастар символдық кейіпкерлер – дипломат пен сарбаздың ерекше мінез-құлқында көрінеді. «Екі, тек екі адам, – деп жазады Р.Арон, – жай ғана өздері жататын қауымдастықтың өкілдері ретінде әрекет етпейді: елші өзінің қызметін орындау барысында өзі келіп тұрған жақтың атынан саяси өлшем бірлікті ұсынады; сарбаз соғыс алаңында сол сияқты өзін құрбан етушілердің атынан саяси өлшем бірлікті ұсынады». Яғни, мемлекеттердің арасындағы қатынастарды түсінудің мұндай тәсілінің өзі мәнісі жағынан бейбітшілік пен соғыстың альтернативасынан тұрады. Халықаралық қатынастардың мәні жөнінде толық түсінік беру үшін халықаралық қатынастардың түрлерін бөліп көрсету қажет. Бұл – саяси, экономикалық және ғылыми-техникалық, идеологиялық, халықаралық құқықтық, әскери-стратегиялық, мәдени және басқа да қатынастар, бұлардың әрқайсысының өзіндік құрылымы, функциялары, өзінің даму процесі бар.

Саяси – қатынастар басты рөл атқарады және саяси жүйе элементтерінің, бәрінен бұрын мемлекеттің шынайы саяси қызметінде өзіндік көрініс табады. Олар қауіпсіздікке кепілдік береді және қалған барлық қатынастардың дамуы үшін жағдай жасайды, яғни топтастырылған түрде ұлттық мүдделерді білдіреді.

Экономикалық және ғылыми-техникалық. Қазіргі жағдайларда халықаралық қатынастардың бұл екі түрі іс жүзінде бір-бірінен ажырағысыз және бөлек өмір сүре алмайды. Экономикалық қатынастардың жайы көбінесе өндірістің және мемлекеттің өндіргіш күштерінің даму деңгейлерімен, экономиканың әртүрлі үлгілерімен, табиғи ресурстардың болуымен және басқа да секторлармен айқындалады.

Идеологиялық қатынастар – саяси қатынастардың біршама дербес бөлігі. Идеологиялық қатынастардың рөлі мен маңызы қоғамдағы идеологияның рөлінің өзгеруіне байланысты өзгеріске түсіп отырады.

Халықаралық-құқықтық қатынастар – халықаралық қатынас қатысушыларының өзара қарым-қатынасын осы қатысушылардың келіскендігі жөніндегі құқықтық нормалармен және ережелермен реттеуге саяды. Халықаралық-құқықтық механизм қатысушыларға өздерінің мүдделерін қорғауға, өзара қарым-қатынасты дамытуға, дау-жанжалдың алдын алуға, даулы мәселелерді шешуге, барлық халықтардың мүдделеріне қарай бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға мүмкіндік береді.

Әскери-стратегиялық қатынастар, оған әскери күштерді тікелей немесе жанама құрумен, жетілдірумен, қайта бөлумен қайсыбір байланыстағы ерекше қоғамдық, халықаралық қатынастардың кең саласы жатады. Ядролық қару жасау мемлекеттердің әскери-саяси қарым-қатынастарының: одақтастық,

конфронтациялық, кооперациялық-конфронтациялық қатынастарының сипатын, ауқымын және күшеюін негізді түрде өзгертті.

Мәдени қатынастар, оның негізінде қоғамдық өмірдің интернационализациялануы, мәдениеттердің, білім жүйелерінің өзара сіңісуі және байытуы, бұқаралық ақпарат құралдарының қарқындап дамуы процестері жатыр.

Халықаралық саясат халықаралық қатынастар ядросын құрайды және өзімен соғыс пен достық мәселелерінің шешімімен, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, қоршаған ортаны қорғаумен, кедейшілік пен артта қалуды, аштық пен ауруды жеңумен байланысқан халықаралық құқықтар субъектісінің саяси қызметін (мемлекеттердің, үкімет аралық және үкіметтік емес ұйымдардың, одақтардың және т.б) көрсетеді.

8.2 Кеңес өкіметі жылдары Қазақстан Сыртқы істер министрлігі бар мемлекет болды, бірақ дербестігі болмады, өйткені одақтас мемлекеттердегі маңызды мәселелерді жоғарыдағы министрлік үйлестірді. Бүгін ғой ҚР-тәуелсіз, дербес мемлекет және аумағы үлкен, түрлі халықтардың тату-тәтті өмір сүруіне жол ашылуда. Өзін тәуелсіз деп жариялаған Қазақстан Республикасы қысқа тарихи дәуірде өзін сенімді және жауапкершілігі мол мемлекет ретінде танытып отыр.

ҚР Конституциясының 8-бабына сәйкес Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі принциптері: халықаралық құқық нормаларын сақтау; мемлекеттер арасында ынтымақтастық және көршілес елдермен қарым-қатынастарды жүргізу; халықаралық дауды бейбіт жолмен шешу; мемлекеттер теңдігі және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау.

Азия және Еуропада геосаяси жағынан маңызды орынды иемдену, экономикалық және саяси қауіпсіздік принциптерін тұрақтандыру, тәуелсіздік дербестік және территориялық бүтіндікке назар аудару бүгінгі Қазақстанның негізгі мақсат-мұраты болмақ. Қазақстанның дипломатиялық қызметі ҚР-ың әлемдік және аймақтық құрылымдардағы беделін нақтылап, барлық мемлекеттермен ынтымақтастықты нығайтты, посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттермен интеграцияны орнықтырды.

Дүниежүзілік аренаға Қазақстанның шығуы ең алдымен мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметінің белсенділігі. 1990 жылдан бастап ҚР Президенті 200-ден астам ең ірі мемлекеттерге ресми және іс сапарлар жасады.

Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бар күш жігерін салуда. Қазақстанның Ресей, АҚШ, Ұлыбритания жағынан қауіпсіздік кепілдіктері туралы Будапешттік меморандумға қол қоюға қолы жетті. Сондай кепілдіктер Франция және ҚХР-дан алынған болатын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасын әлемнің 100-ден аса мемлекеті мойындады және олармен дипломатиялық қарым-қатынас тұрақтанды, 1992 жылдан бастап БҰҰ-ның белсенді және құқықтық мүшесі. БҰҰ-да мүше болған

жылдарда Қазақстан халықаралық тыныштық және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды үлес қосты. Біздің еліміз ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Мұндай бейбітшіл талпынысты көптеген мемлекеттер адамгершілікпен бағалады. Біздің толерантты көңіл-күйімізді сезінген халықаралық қауымдастық өзінің жоғары бағасын беріп отыр. Әлемнің бізді жете тануына тағы бір себеп, ол 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ге жетекшілік етуі. Бұл үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қазақстан дәл бүгінгі күні өркениеттер сұхбатындағы Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырушы көпір деп танылуда. Елбасымыздың өзі осындай сенімді нықтай түсу мақсатында көптеген халықаралық және аймақтық жобалардың ынталы көшбасшысына айналып отыр. Әлемдік саясатта Қазақстан көпбағыттылық саясат жүргізуі өзінің елеулі нәтижелерін беріп отыр. Бұл жоспарда ең басты орынды АҚШ-пен жасалған стратегиялық және демократиялық келісім («шанхай бестігі» проект шеңберінде сенім өлшемдері туралы жоба), Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украинамен жасалған кедендік келісім және т.б. Сыртқы саясат дамуында лайықты орынды ТМД елдерімен байланыс, БҰҰ-ғы қызметі, Еуропа және Америкамен байланысы алады. Қазақстан Республикасының халықаралық байланысы барлық мемлекеттермен дұрыс жолға қойылған.

Бүгінгі таңда әртүрлі діндер арасындағы сұхбатты тұрақтандыру өте-мөте қажеттілік. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ықыласымен Астанада тұңғыш рет ғаламдық және дәстүрлі діндердің өкілдерінің қатысуымен съезд өткізілді. Бұл дәстүрге айналып отыр. Бірегей унитарлы мемлекет аймағындағы әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбітшіл көңіл-күйі үлгілі мемлекет мұратының негізгі нысаны. Біз әлемге үлгі боламыз. Планетарлы этика принциптерін қабылдауға дайынбыз. Бүгінгі таңда ұлттық гуманистік қозғалыстар адамилық мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасы еуразия өркениетінің бір бөлігі, статусы жағынан еуразиялық мемлекет болып табылады. Бүгінгі Қазақстанның дамуы тілі, салт-дәстүрі ортақ көпғасырлық тарихы бар көп ұлтты түркі-ислам мәдениетінен бастау алатыны сөзсіз. Ұлттық және азаматтық консолидация түріндегі сұхбатты жетілдіру мен орнықтыру мақсатында барлық жағдайлар жасалып отыр, жас мемлекеттің әлемдік даму контекстіндегі тұрақты және сенімді экономикалық өсімі, демократиялық және азаматтық қоғам институттарының дамуы, тұрақтылық, қауіпсіздік, егемендік идеяларының нығаюы осы бағыт үшін ынталанады. Қазақстан Республикасындағы ұлт аралық сұхбат кеңістігі жоғарыда айтып өткен мәдени-тарихи алғы шарттылықтардан қуат алып, рухани кең пейілді даналыққа қол жеткізіп отыр. Соңғы жылдары Алматы Брюссель қаласы сияқты Азия құрлығындағы мемлекет пен өркениет аралық сұхбатты ұйымдастырушы халықаралық қалаға айналып отыр. Жаһандастыру қарсаңында бүгінгі Қазақстан өркениеттік дамудың өз жолын таңдауы және ол жол ұлттың төл мүддесіне сай келуі тиіс.

Қазақстан халықтарының діни ерекшелігі де маңыздылыққа ие болып отыр. Алматыда өткен Екінші Еуразия медиа-форумының қонақтары мен делегаттары Шығыс пен Батыс арасындағы қарама-қайшылықтардың негізі дінге байланысты деп отыр. Елімізде әртүрлі діндердің кішіпейіл бейбітшіл ниеті әлі сақталып келеді. Ең маңыздысы сол ол христиандық православие мен ислам қарым-қатынасының толеранттылығы ерекше сипатта. Жаһандану – қажеттілік, оған қарсы жүргізілген әрекеттің барлығы біздің ойымызша жүзеге аспауы керек.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан . - 2015, 30 қараша. - 1-3 б.
- 2 Сырымбетқұлы Б. Саяси құқықтық ілімдер тарихы (Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман): оқу құралы.- Алматы: LEM, 2015.- 452 бет.
- 3 Назарбаев Н. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан . - 2014, 11 қаңтар.- 1-3 б.
- 4 Назарбаев Н. Нұрлы жол - болашаққа бастар жол. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2014, 11 қараша. - 1-3 б.
- 5 Ардабаева Ф.Ж. Внешняя политика Казахстана и Азиатская безопасность. – Наука (КИиЭУ), 2014.-№1- С.53-57.
- 6 Иманбаев М., Смағұлов Е. Саясаттану негіздері. - Алматы, 2014.
- 7 Мұсатаев С.Ш. Саяси билік: оқу құралы /әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті.- Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 137 бет.
- 8 Смағұлов Е.М. Основы политологии.- Алматы, 2014.
- 9 Матвеевкова Л.Г., Касымова С.С., Евлева Е.Н. и др. Саясаттану негіздері: оқу құралы /Қарағанды мемл.техн.ун-ті.- Қарағанды, 2013.-105 бет.
- 10 Нұрғалым К.С. Қазақстандағы саяси билік: модернизациялану процесіне салыстырмалы талдау:оқу құралы/ Қ.И.Сатпаев атын. ҚазҰПУ.- Алматы, 2013.- 194 бет.
- 11 Идрисов Е. Внешняя политика Казахстана отвечает современным вызовам/ Е. // Мысль.- 2013.-№1.- С.24-28.
- 12 Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2013.
- 13 Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан . - 2012, 27 қаңтар. - 1-3 б.
- 14 Назарбаев Н. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан . - 2012, 14 желтоқсан.- 1-3 б.
- 15 Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан . - 2012, 27 қаңтар. - 1-3 б.
- 16 Раздықов С. Основы политологии. Учебник.- Алматы, 2012.
- 17 Абдулпаттаев С.И. Халықаралық қатынастар теориясы: оқу құралы.- Алматы, 2008.
- 18 Қазақстан Республикасының конституциясы. - Астана. 2007.

- 19 Омаров Е.С. Краткая история Казахской цивилизации. - Алматы, 2006. 237 с.
- 20 Политология. Учебник (под ред. В.А. Акчасова, В.А. Гуторова).- М., 2005.- 692 с.
- 21 Ахметов К. Разделение власти: теория и казахстанский опыт. – Мысль, 2005, №3.
- 22 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану: оқулық. –Алматы, 2005.
- 23 Жамбылов Д. Саясаттану. - Алматы, 2005.
- 24 Сыдықов У., Мукашев А., Омарова А. Право быть избирателем. О политической культуре студентов // Мысль. 2005, №11.
- 25 Жатқанбаев Е.Б., Байзакова К. И. и др. Национальные интересы Казахстана и вызовы глобализации. - Алматы, 2004. 202 с.
- 26 Сегізбаев О. А. История казахской философии. – Алматы, 2001.
- 27 Гоббс Т. Сочинения. – М., 1998. тт.1, 2.
- 28 Антология мировой политической мысли. – Т.1. - М., 1997.
- 29 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. - Алматы, 1996.
- 30 Монтескье Ш. О духе законов. // Избр. произв. – М., 1995.
- 31 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы, 1995.
- 32 Алтынсарин Ыбырай. Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1994.
- 33 Арон Р. Демократия и тоталитаризм. – М., 1994.
- 34 Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы, 1994.
- 35 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. - Алматы, 1992.
- 36 Дулатов М. Оян, қазақ! - Алматы, 1991.
- 37 Вебер М. Политика как призвание и профессия. - Избр. произв. - М., 1990.
- 38 Локк Д. Сочинения. - М., 1991.
- 39 Макиавелли Н. Государь. – М., 1990.
- 40 Аристотель. Соч. в 4-х тт. т.1 и т.2 (под ред. Асмуса В. Ф.). – М., 1988.
- 41 Абай Құнанбаев. Екі томдық шығармалары. - Алматы, 1986.
- 42 Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы, 1986.
- 43 Григорян С. Средневековая философия народов Среднего и Ближнего Востока. - М. 1986.
- 44 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата. 1972.
- 45 Платон. Государство. Соч. в 3-х тт., т. 3, часть 1. – М., 1971.

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Дәріс №1. Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде.....	4
2 Дәріс №2. Билік саяси феномен ретінде.....	11
3 Дәріс №3. Саясат субъектілері.....	16
4 Дәріс №4. Саяси даму және модернизация.....	21
5 Дәріс №5. Саяси партиялар және партиялық жүйелер мен қоғамдық саяси қозғалыстар мен ұйымдар.....	27
6 Дәріс №6. Сайлау және сайлау жүйелері: саяси технологиялардың маңызды түрі ретінде.....	32
7 Дәріс №7. Саяси мәдениет және саяси идеология.....	36
8 Дәріс №8. Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынас.....	40
Әдебиеттер тізімі.....	44

Айнұр Әбдіқалыққызы Әбдіқалық  
Алия Закиржановна Бисенова

## САЯСАТТАНУ

Дәрістер жинағы  
(барлық мамандықтарға арналған)

Редактор Қ.С. Телғожаева  
Стандарттау бойынша маман Н.Қ. Молдабекова

Басуға \_\_\_\_\_ қол қойылды  
Таралымы 150 дана.  
Көлемі 2,9 есептік-баспа табақ

Пішімі 60x84 1/16  
Баспаханалық қағаз № 1  
Тапсырыс \_\_\_\_ . Бағасы 1450 т.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
көшірмелі-көбейткіш бюросы  
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126